Қызметкерлерді ұстау бойынша шығындар және олармен байланысты аударымдар. Жалақы төлеу бойынша шығындар, мемлекеттік зейнетакы қорына және әлеуметтік сақтандыру қорына төленетін жарналар, төленген жыл сайынғы демалыстар мен сырқаттық бойынша қағаздар, сыйақылар және ақшалай емес жеңілдіктер Қор қызметкерлері сәйкес қызметтерді көрсетулеріне қарай есептеледі. Белгіленген жарналармен мемлекеттік жоспарға сәйкес төлемдерден басқа, Қордың зейнетакы төлеу бойынша немесе соған үксас төлем жасау бойынша қандай да болсын құқықтық немесе қалыптасқан іскерлік тәжірибеден шығатын міндеттемелері жоқ.

Сегментті есептілік. Сегменттер бойынша есептілік операциялық шешімдер қабылдайтын Қор басшылығына ұсынылатын ішкі есептілікке сәйкес жасалады. Сегмент бойынша табыс, қаржылық нәтиже немесе активтер жалпы табыс көлемі, жалпы қаржылық нәтиже немесе барлық сегменттердің жиынтық активтерінің кемінде он пайызын құрайтын болса, сегментті жеке ашып көрсету қажет.

Қаржылық жағдай туралы есеп баптарын өтімділік тәртібінде көрсету. Қорда операциялық кезең нақты белгіленбейндіктен, Қор қаржылық жағдай туралы есепте айналым және айналымнан тыс активтерді, ұзак мерзімді және қысқа мерзімді міндеттемелерді жеке көрсетпейді. Оның орнына активтер және міндеттемелер өтімділік тәртібінде көрсетіледі. Болжалды өтеу мерзімі бойынша қаржылық құралдар талдауы 31-ескертпеде келтірілген, тәмендегі кестеде 31-ескертпеде берілген талдауға енгізілмеген баптар бойынша есептілік кезеңі аяқталғаннан кейін 12 айдың өтүіне дейін немесе кейін телеуге немесе өтеуге күтілетін сомалар туралы ақпарат берілген.

3 Есеп саясаты қағидаттарының қысқаша мазмұны (жалғасы)

(мын қазақстандық теңгемен)	2018 ж. 31 желтоқсан, дүйсенбі			2017 ж. 31 желтоқсан, жексенбі		
	Төлеуге/өтеуге күтілетін сомалар		Барлығы	Төлеуге/өтеуге күтілетін сомалар		Барлығы
	есептік кезең	есептік кезең		есептік кезең	есептік кезең	
	аяқталғанн ан кейінгі 12 ай ішінде	аяқталғанн ан кейінгі 12 айдан кейін	аяқталғанн ан кейінгі 12 ай ішінде	аяқталғанн ан кейінгі 12 айдан кейін	аяқталғанн ан кейінгі 12 айдан кейін	
АКТИВТЕР						
Негізгі қаражат	698,007	1,581,478	2,279,485	262,699	2,234,488	2,497,187
Материалдық емес активтер	115,871	112,283	228,155	110,031	182,643	292,674
Ағымдағы салық міндеттемелері бойынша алғытөлем	4,537,665	6,752,444	11,290,109	5,277,875	8,490,118	13,767,993
Өзге активтер	1,268,949	-	1,268,949	545,997	-	545,997
Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер	396,747	-	396,747	1,360,967	-	1,360,967
МИНДЕТТЕМЕЛЕР						
Кейінге қалдырылған салық міндеттемелері	1,279,281	-	1,279,281	6,065,416	-	6,065,416
Өзге міндеттеме	546,123	-	546,123	422,920	-	422,920

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен көсіби пайымдаулар

Қор есеп сомасында және активтердің тәнгерімдік құнына және келесі қаржы жылышындағы міндеттемелерде көрсетілгендерге ықпал ететін бағалау мен жорамалдарды жүргізеді. Бағалаулар мен жорамалдар басшылық тәжірибесі мен басшылықтың пікірі бойынша ағымдық міндеттемелер түрғысында негізі болып табылатын келешек оқиғаларға қатысты күтуперді қоса алғанда басқа да факторлар негізінде тұрақты талданады. Есептік саясатты қолдану процесінде басшылық сондай-ақ көсіби пайымдамалар мен бағалауды пайдаланады. Қаржылық есепте көрсетілтін сомалар мен нәтижесі келесі қаржылық жылдың бойындағы активтер мен міндеттемелердің тәнгерімдік құнын түзетудегі маңызды бағаларға барынша елеулі ықпал етеді, олар мыналарды қамтиды:

Қызыметтің үздіксіздігі. Басшылық осы қаржылық есепті қызыметтің үздіксіздігі туралы жорамал негізінде дайындаған. Атапған пайымдауды жасау кезінде басшылық Қордың қаржылық жағдайын, ағымдағы ниетін, операцияларының табыстылығын және қаржылық ресурстарға қол жеткізуін есепке алған.

Күтілген несиелік шығындарды бағалау. Қор қаржылық мекемелердегі өзінің несиелік қоржыны мен қараждатының құнсыздану мәнін тұрақты негізде талдаған отырады. Күтілген несиелік шығындардың бағалауы – елеулі бағалау және оны алу үшін бағалау әдістемесі, үлгілер және бастапқы деректер пайдаланылады. Күтілген несиелік шығындарды бағалау әдістемесінің егжей-тегжей 31-көсімшада ашып көрсетілген. Келесі компоненттер несиелік шығындар бойынша бағалау резервіне едәуір өсер етеді: дефолттың анықталуы, несиелік тәуекелдің едәуір үлгісі, дефолт ықтималдығы, дефолт тәуекеліне ұшырағыштық және дефолт жағдайындағы шығынның көлемі, сондай-ақ макроэкономикалық сценарийлердің үлгілері. Қор күтілген есепті несиелік шығындар мен несие бойынша іс жүзіндегі шығындардың арасындағы алшақтықты азайту мақсатында үлгілер мен үлгілерге арналған бастапқы деректерді тұрақты түрде тексереді және растайды.

2018 жылы Қор қаржы мекемелеріне берілген қарыздар бойынша макроэкономикалық айнымалыларға талдау жүргізген жоқ. Бұл – қаржы мекемелерінің дефолтқа ұшырау ықтималдығына макроэкономикалық айнымалылардың өсер етпейтіндігімен түсіндіріледі, осыған байланысты макроэкономикалық факторлар 100% деңгейінде бекітілген (бұл – өсердің жоқтығын көрсетеді). Қордың активтеріне қатысты мардымсыз болуына байланысты, Қор несиелер мен алғытөлемдер бойынша макроэкономикалық айнымалылардың өсерін талдауды жүргізбейді.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

2018 жылы Қор қаржы мекемелеріндегі қаражаттар және клиенттерге берілетін несиелер мен алғытөлемдер бойынша несие қоржынының 18,936,130 мың теңге сомада құнсыздануынан туындаған шығынды мойындағы (2017 ж.: құнсызданудан 6,882,412 мың теңге сомада шығын). 8-ші және 9-шы ескертпелерді қараңыз.

Қаржы мекемелеріндегі қаражат бойынша сезімталдықтың талдауы. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша дефолт ықтималдығын бағалаудың 10%-ға ұлғаюы және азаюы – күтілген несиелік шығындар бойынша бағалау резервінің қорытынды сомасының 1,260,300 мың теңгеге ұлғаюына немесе азаюына әкелген болар еді.

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдайдың шығындар бойынша бағалау резерві есептеп шығарылған несиелер бойынша іс жүзіндегі шығындардың 10%-ға ұлғаюы немесе азаюы – сол күндегі шығындар бойынша бағалау резервтерінің 412,585 мың теңгеге ұлғаюына немесе азаюына әкелер еді.

Несие тәуекелінің едәүір ұлғаюы. Несие тәуекелінің едәүір ұлғаю деңгейін анықтау үшін Қор есепті күнінде қаржы құралының әрекет ету мерзімі ішінде дефолттың орын алу тәуекелін – бастапқы мойындау күнінде дефолттың орын алу тәуекелімен салыстырады. Бағалау барысында есепті күнінде несие тәуекелінің нақты деңгейі емес, несие тәуекелінің салыстырмалы ұлғаюы қарастырылады. Қор бірқатар факторларды, соның ішінде нақты клиенттік қорлардың жосықтық аспектілерін қоса алғанда, шектен тыс шығындар мен күш-жігер жұмсастан қолжетімді бүкіл негізделген және расталатын болжалды ақпаратты есепке алады. Қор дефолт сәтіне дейін несие тәуекелінің жосықтық белгілерін және тиісті болжалды ақпараттың – бөлек құрал немесе қоржын деңгейінде несие тәуекелін бағалауға енгізілуін анықтайды. 31-ескертпені қараңыз.

Егер қаржы мекемелері бойынша күтілген несие шығындары – бүкіл мерзімдегі күтілген несиелік шығындар ретінде бағаланған болса (яғни, қазіргі сәтте 1-ші кезеңде түрғандарын және 12-айлық күтілген несиелік шығындар ретінде бағаланатындарын қоса алғанда), 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша күтілген несиелік шығындар бойынша бағалау резерві 7,283,243 мың теңгеге артық болар еді (2018 жылғы 1 қаңтар: 9,430,139 мың теңгеге артық).

Бизнес-улгіні бағалау. Қаржы активтері бизнес-улгі негізінде жіктеледі. Бизнес-улгіге бағалау жүргізген кезде басшылық қаржы құралдарының қоржындары мен біріктіру деңгейін орнату үшін пайымдауды қолданды. Сату операцияларын бағалау кезінде Қор олардың жиілігін, мерзімін және өткен кезеңдердегі құнын, сату себептерін және келешек сатларға қатысты үмітті есепке алады. Несиелік сапаның нашарлауына байланысты әлеуетті шығындарды барынша азайтуға бағытталған сату операциялары «алу үшін ұстау» бизнес-улгісіне сәйкес келеді деп есептеледі. Несие тәуекелін басқару жөніндегі шаралармен байланысы жоқ, өтөу мерзіміне дейінгі басқа сатулар да «алу үшін ұстау» бизнес-улгісіне сәйкес келеді, егер де олар сирек жүзеге асырылатын болса немесе жекелеген түрінде және жыныстық түрінде құны бойынша мардымсыз болса. Қор сату операцияларының маңыздылығын – қоржынның қолданылуын орташа мерзімі барысында бизнес-улгінің бағалауы жүргізілетін қоржынның құнымен сату құнын салыстыру жолымен бағалайды. Сонымен қатар, құйзелістік сценарий болған жағдайдаған немесе Қормен бақыланбайтын, қайталанатын болып табылмайтын және Қормен бақылана алмайтын бөлек уақытамен байланысты күтілетін қаржылық активтің сатылуы бизнес-улгінің мақсатымен байланысы жоқ ретінде қарастырылады және тиісті қаржы активтерінің жіктелуіне әсер етпейді.

«Алу және сату үшін ұстау» бизнес-улгісі үшін ақша ағындарын алу мақсатында активтердің үсталу дерегі және активтердің сатылуы – өтімділіктегі қажеттіліктерді басқару, белгілі пайыздық табысқа қол жеткізу немесе есебінен сол активтер қаржыланырылатын міндеттемелердің мерзімімен қаржы активтерінің мерзімін сәйкестікке келтіру секілді, бизнес-улгінің мақсаттарына қол жеткізу әжырамас бөлігі болып табылады.

Қалдық санаты – бірінші кезекте сату арқылы, пайда алу үшін пайдаланылатын ақша ағындарын іске асыру мақсатында басқарылатын қаржы активтерінің қоржындарын қамтиды. Бұл бизнес-улгі жиі жағдайларда шартта көзделген ақша ағындарын алумен байланысты болады.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Ақшалай қаражатты – қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдердің ғана анықтамасына сәйкестікке қатысты бағалау (SPPI) Қаржы активінен ақша ағындарының – қарыздың негізгі сомасы мен пайыздар төлемдерінің ғана анықтамасына сәйкестігін анықтау үшін пайымдауды қолдану қажет.

Қор ақшалай қаражаттың шарттық ағындарының сомасын немесе мерзімін өзгертертін шарт талаптарын анықтады және қарады. Ақша ағындары қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдердің ғана критерийне сәйкес келеді, егер несие шарттары бойынша оны мерзімінен бұрын өтеу мүмкін болса және мерзімінен бұрын өтеу сомасы қарыз берілген пайыздардың сомасын және шарттық мерзімінен бұрын бұзылғаны үшін негізделген қосымша өтемақыны білдіреді. Актив бойынша қарыз сомасы – қарыз сомасын өтеу есебіне кейінгі төлемдердің, яғни тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі арқылы анықталған пайыздарды ескеруіз төлемдердің шегерілуімен, бастапқы мойындау кезіндегі әділ құнына тең. Бұл ережеден өзгешелік ретінде стандарт та мерзімінен бұрын өтеу элементтері бар құралдарға жол береді, олар қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың есебіне төлемдердің ғана критерийлеріне сәйкес келу үшін келесі шарттарға сай келу тиіс: (i) актив сыйлықақымен немесе дисконтпен берілген, (ii) алғытөлем сомасы шарт бойынша атаулы сома мен есептілген пайыздарды және шарттық мерзімінен бұрын бұзылғаны үшін негізделген қосымша өтемақыны білдіреді, және (iii) мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігінің әділ құны бастапқы мойындау сәтінде елеусіз болған.

Өттүү күнінде SPPI-сынақтан өтпеген және пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құжаттардың сипаттамасы 5-ші ескерппеде ұсынылған.

Қаржы активтерін түрлендіру. Қаржы активтері шарттық талаптарына сәйкес түрлендірілетін кезде (мысалы, оларды қайта қараудың нәтижесінде), Қор түрлендірудің елеулі болу-болмауын және ол бастапқы активті мойындауды тоқтатуға және әділ құны бойынша жаңа активті мойындауға әкелуі тиіс болу-болмауын бағалайды. Бұл баға көбінесе тиісті есептік саясатта сипатталған сапалық факторларға негізделеді, және елеулі пайымдаулардың қолданылуын қажет етеді. Атап айтқанда, Қор шешім қабылданған кезде талаптары қайта қаралған құнсызданған несие шарттарын мойындаудың қажеттілігі бар-жоқтығы туралы және қайтадан мойындалған несиelerді бастапқы мойындау кезінде құнсызданған ретінде қарастырудың қажеттілігі бар-жоқтығы туралы пайымдаудың қолданады. Мойындауды тоқтату қажеттілігі туралы шешім – осындаі түрлендірудің нәтижесіндегі тәуекелдер мен пайданың, яғни күтілген ақша ағындарының (шартта көзделген ақша ағындарының емес) өзгеру-өзгермеуіне байланысты. Басшылық осындаі несиelerдің нәтижесінде тәуекелдер мен пайданың өзгермегенін, және тиісінше шын мәнінде барлық осындаі түрлендірулер мен несиelerдің мойындалуын тоқтату және олардың құнсызданғандар кезеңінен қайта жіктеу орын алмағанын анықтады.

Қорда 52,996,774 мың теңге көлемінде «ЦеснаБанк» АҚ-та ұсынылған қарыздар бойынша талаптар болды, олар мемлекеттік қаражаттан және АДБ-дан алынған қаражаттан берілген болатын. 2018 жылғы желтоқсанда АДБ қаражатынан 32,591,479 мың теңге көлемінде берілген қарыздар бойынша талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгроХолдинг» АҚ және «Цесна Корпорациясы» АҚ арасында 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Шекті келісім шарттарына сәйкес қайта құрылымдауды. Атапған қайта құрылымдау аясында «Цеснабанк» АҚ-мен берілген қарыздар бойынша талаптар – 15 жылдық өтеу мерзімімен және 4% мөлшерлемесімен «Цеснабанк» АҚ борыштық облигацияларына алмастырылды. Қор 2018 жылғы желтоқсан айында осы облигацияларды өтеуін төлеп алды.

2019 жылғы 18 қаңтарда екінші шекті келісімге қол қойылып, атапған облигациялар мөлшерлеменің 0.1%-ға дейін түсіү арқылы қайта құрылымдауды. Мемлекеттік қаражаттан берілген қарыздардың қалған бөлігі бойынша 20,499,974 мың теңге сомаға, пайыздық мөлшерлемесін 0,1%-ға дейін төмендету бойынша және түрлендірілген күнінен бастап 15 жылдық өтеу мерзімімен келісімшарттық талаптарды түрлендіру жүргізілді. Екінші қайта құрылымдаудан кейін Қор барлық қарыздар бойынша талап ету құқығынан айырылды, бұл – жоғалтулар деңгейінің (LGD) 55%-дан 70%-ға дейін ұлғаюына әкелді. Қор басшылығы осы қайта құрылымдауды – есепті күнінде түзетуді қажет ететін есепті қүннен кейінгі уақыға ретінде есепке алады.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен көсіби пайымдаулар (жалғасы)

Қор облигациялардағы қарыздардың түрлендірілуін – елеулі және мойындаудың тоқтатылуын қажет ететін, есік қаржы құралын мойындау мен жаңасын мойындаудың тоқтатылуын қажет ететін және елеулі ретінде бағалайды. Бірінші кезекте Қор 70% және сәйкесінше 100% шамасына тең LGD және PD коэффициенттерін қолдану жолымен бастапқы қаржы құралының құнсыздану көлемін анықтады. Әрі қарай Қор облигациялардың әділ құнын есептеп шығарды, ол 3,935,983 мың теңге құрады. Әділ құнын анықтау барысында Қор дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдаланды және нарықтық мөлшерлемені несие тәуекелінің ескерілуімен нарықтық деректер негізінде 15.45% мөлшерінде анықтады. АДБ қараждатынан берілген қарыздардың осындай түрлендірілуі нәтижесінде, Қор пайда немесе шығын немесе өзге жиынтық табыс туралы есепте 18,040,172 мың теңге көлемінде және капиталдың құрамында 4,920,047 мың теңге көлемінде құнсызданды мойындауды, сондай-ақ капиталдың құрамында 5,904,111 мың теңге сомасында облигацияларды мойындаудан туындаған шығындарды мойындаады. 8-ші және 12-ескертпелерді қараңыз.

2017 жылғы 28 сәуірде талап ету құқығын беру туралы жасалған шарт аясында Қор 15,443,912 мың теңге көлеміндегі негізгі қарыз берен 253,529 мың теңге көлеміндегі есептелген сыйакы мөлшерінде «Delta Bank» АҚ-мен берілген несиелерді өтеудің есебіне шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген несиелер қоржынын «Delta Bank» АҚ-дан алды. Қор басшылығы талап ету құқықтарын беру күнінде 11,418,676 мың теңге мөлшерінде шағын және орта бизнес кәсіпорындарына берілген несиелердің жаңа қоржынының әділ құнын бағалады, бұл – 4,278,421 теңге мөлшерінде атаптап несиелердің бастапқы мойындаудан шығынды мойындауға әкелді. Әділ құнын бағалау кезінде өтеу көздерінен күтілген ақша ағындары қарыз алушыларға спецификалық несие тәуекелінің ескерілуімен түзетілген, 14% мөлшеріндегі нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталды. 9-шы және 25-ескертпелерді қараңыз.

«Delta Bank» АҚ берешегінің қалған бөлігі 4,152,389 мың теңгені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсан: 4,152,389 мың теңге) және нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша берілген қарыздар бойынша дисконт болған жоқ (2017 ж.: 4,151,448 мың теңге).

Есептен шығару саясаты. Қор оларды өндіріп алу бойынша барлық дерлік мүмкіндіктерді пайдаланып болып, осындай активтерді өндіріп алуға қатысты үміттің негізсіздігі туралы қорытындыға келгеннен кейін, қаржы активтері тұстастай немесе ішінара есептеген шығарылады. Өтеуге қатысты негізделген үміт күттірмейтін ақша ағындарын анықтау – пайымдаулардың қолданылуын талап етеді.

Туынды қаржы құралдары мен кейбір өзге қаржы құралдарының әділ құны. Бағалануы – 34-ескертпеде ашылған бақыланатын нарықтық бағалар пайдаланылмайтын жoramалдар негізінде жүзеге асырылатын қаржы құралдарының әділ құны туралы ақпарат.

2014 жылғы желтоқсан айында және 2015 жылғы қазан айында Қор АҚШ долларымен АДБ-дан алынған қарызбен байланысты валюталық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында коммерциялық банктермен 5-жылдық своп шарттарын жасады (15-ескертпел). Қор есепті күндеңі своп шарттарының әділ құнын бағалады, бұл – 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша 12,545,813 мың теңге көлемінде туынды қаржы құралдарының әділ құнын мойындауға әкелді (2017 ж.: 25,193,064 мың теңге) және туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялардан 5,941,231 мың теңге көлеміндегі табысты мойындауға әкелді (2017 ж.: шығындар 12,492,609 мың теңге көлемінде). Қор 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл барысында АДБ қарыздары бойынша 8,244,649 мың теңге көлемінде валюталық шығын шекті (2017 ж.: табыс 2,168,832 мың теңге көлемінде).

2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл бойы жалпы сомасы 146,828 мың АҚШ долларына 5-жылдық тиянақталған своп шарттарын мерзімінен бұрын жабу болып өтті (2017 ж.: 116,132 мың АҚШ доллары), осының нәтижесінде туынды қаржы құралдарымен жасалған операциялардан 19,582,304 мың теңге көлемінде табыс мойындалды (2017 ж.: 4,702,293 мың теңге). Коммерциялық банктермен жасалған своп шарттары бойынша Қор жылыша үш пайыз төлейді, бұл – 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылда 1,323,944 теңге көлеміндегі шығынға әкелді (2017 жылғы 31 желтоқсан: 1,754,541 теңге). Әділ құнын бағалау барысында Қор Қазақстанның елдік тәуекеліне түзетілген Қазақстан тенгесі мен АҚШ доллары бойынша тәуекелі жоқ мөлшерлемелердің пайдаланылуымен дисконтталған ақша ағындары әдісін қолданды. 14, 23-ші және 33-ескертпелерді қараңыз.

4 Есеп саясатын қолданудағы маңызды бағалаулар мен кәсіби пайымдаулар (жалғасы)

Байланысты тараптармен операциялар мен нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау. Өзінің әдеттегі қызметі барысында Қор байланысты тараптармен операциялар жүргізеді. XКЕС (IFRS) 9 талаптарына сәйкес қаржы құралдары бастапқыда әділ құны бойынша мойындалуы тиіс. Операциялар нарықтық немесе нарықтық емес пайыздық мөлшерлемелер бойынша жүзеге асырылғаны анықтау үшін осындай операцияларға арналған белсенді нарық болмаған жағдайда, пайымдаулар пайдаланылады. Пайымдаудың негізdemесі – байланысты емес тараптармен операциялардың үқас түрлеріне баға белгілеу және тиімді пайыздық мөлшерлемені талдау болып табылады. Байланысты тараптармен операцияларға қатысты шарттар 36-ескертпенде көрініс тапқан.

2014-2015 жылдары Қор «Бейтерек» ҰБҚ» АҚ-дан 20 жыл өтеге мерзімімен 0.15% жылдық мөлшерлемемен 200 миллиард теңге көлемінде қаражат алды. Қарыз қаражаттарының әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша қисық табыстылықтан алынған жылдық базистік мөлшерлемені пайдаланды.

2014-2015 жылдары 200 миллиард теңге көлемінде алынған қаражат 20 жыл өтеге мерзімімен 2% жылдық мөлшерлемемен коммерциялық банктерде толық орналастырылды. Банктерге берілген қарыздың әділ құнын бағалау барысында Қор басшылығы әрбір несиелік рейтинг үшін Несиелік Дефолттық Спред негізінде әр банктиң спецификалық несие тәуекелдерін пайдаланды. Несиелік Дефолттық Спред 20 жылға экстраполяцияланған 10 жылдық мемлекеттік облигациялар бойынша қисық табыстылықтан алынған жылдық базистік мөлшерлемеге жобаланды.

Тиімді пайыздық мөлшерлемелердің қолданылуы нарықтық мөлшерлемеден төмен мөлшерлемелер бойынша қаржы құралдарын бастапқы мойындау барысында табыс пен шығындардың мойындалуына әкелді.

2018 жыл барысында Қор 7.5%-7.58% көлеміндегі құбылмалы пайыздық мөлшерлемесімен 23,836,774 мың теңге сомасына АДБ-дан қарыз алды (2017 ж.: 8,085,997 мың теңге). Қор басшылығы аса тиімді нарық үшін қолданыстағы бағалар болып табыла отырып мәмілелердің бағалары мен осы қарыздардың әділ құнын бағалаумен кәсіби пайымдауды қолданды, олар мәміле бойынша шығындардың ескерілуімен кейіннен түзетуді қажет етпейді. 15-ескертпені қараңыз.

2014-2015 жылдары Қор 0.9207% жылдық мөлшерлемемен және 5 жылдық өтеге мерзімімен 350 миллион АҚШ доллары көлемінде АДБ-дан қаражат алды. Алынған қаражат АДБ-мен макұлданған қазақстандық коммерциялық банктерде толықымен орналастырылды. 2018 жыл барысында Қор 133 миллион АҚШ доллары көлемінде АДБ-дан алынған қарызды өтеді (2017 ж.: 156 миллион АҚШ доллары). Қор басшылығы осы қарыздардың әділ құнын бағалай отырып кәсіби пайымдауды қолданды. Қор басшылығы қарыздар алу және несиелер беру бойынша мәмілелер жеткілікті деңгейде бірегей болып табылады деген тұжырымға келді, ейткені Қор да, АДБ да даму институттары болып табылады және нарықта мұндай мәмілелер жоқ. Тиісінше, мәмілелердің бағалары негізгі немесе аса тиімді нарық үшін қолданыстағы бағалар болып табыла отырып, мәміле бойынша шығындардың ескерілуімен кейіннен түзетуді қажет өтеді. Осылайша, мәмілелердің бағалары бастапқы мойындау барысында берілген қарыз қаражаттары мен несиелердің әділ құнын білдіреді және ешқандай түзетулерді қажет етпейді. 15-ескертпені қараңыз.

Шығарылған кепілдіктердің әділ құны. 2015 жылы алынған қарыз сомасында Еуропа қайта құру және даму банкінде (бұдан әрі – ЕҚҚДБ) «Банк ЦентрКредит» АҚ ашқан несие желісі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін кепілдікі шығарды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ 36,157 миллион теңге сомасында ҚҚДЕБ банкінен қарыз алды (2017 ж.: 20,470 миллион теңге). Қор басшылығы 2018 жылдың 31 желтоқсанында «Банк ЦентрКредит» АҚ-дан алынған есептелген комиссиялық табыс сомасына негізделген бұл кепілдіктердің әділ құнын шығарылым күнгі жағдай бойынша бағалады, есептелген комиссиялық табыс сомасы 123,099 мың теңгені құрады (31 желтоқсан 2017 жыл: 179,161 мың теңге). 18-ші және 32-шы ескертпелерді қараңыз.

ЕҚҚДБ-де «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ ашқан несие желісі бойынша ЕҚҚДБ-де «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ үшін 2016 жылы Қор алынған қарыз сомасына кепілдік шығарды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ сәйкесінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ банкінен қарыз алды (31 желтоқсан 2017 жыл: сәйкесінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге). Қор басшылығы сәйкесінше 32,778 мың теңге және 12,772 мың теңге көлемінде «ForteBank» АҚ-нан және «KMF» МҚҰ-нан алынған есептелген комиссиялық табыстар сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын бағалады (31 желтоқсан 2017 жыл: сәйкесінше 57,030 мың теңге және 25,669 мың теңге). 18-ші және 32-шы ескертпелерді қараңыз.

2017 жылы алынған қарыз сомасында ЕҚҚДБ банкінде «Банк Kassa Nova» АҚ ашқан несие желісі бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ үшін кепілдікті шығарды. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Банк Kassa

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қаржылық есептілікке ескертпе

Nova» АҚ 3,742 миллион теңге сомасында ЕККДБ банкінен қарыз алды (31 желтоқсан 2017 жыл: 1,793 миллион теңге). Қор басшылығы 7,052 мың теңге көлемінде «Банк Kassa Nova» АҚ-нан алынған есептелген комиссиялық табыстар сомасына негізделген осы кепілдіктердің өділ құнын бағалады (31 желтоқсан 2017 жыл: 1,250 мың теңге). 18-ші жөне 32-шы ескертпелерді қараңыз.

5 Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшү

XKEC (IFRS) 9 «Қаржы құралдары». 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап Қор XKEC (IFRS) 9 «Қаржы құралдары» стандарттарына көшті. Қор салыстырмалы көрсеткіштерді қайта есептеусіз тәсілді таңдал, 2018 жылғы 1 қаңтарға, яғни бірінші қолдану қуніне қаржылық активтер мен міндеттемелердің теңгерімдік құны бойынша түзетулерді ағымдағы кезеңге арналған анықталмаған пайда құрамында растады. Демек, қайта қаралған XKEC (IFRS) 7 «Қаржы құралдары: ақпаратты жариялау» талаптары тек ағымдағы кезеңге қатысты қолданылды. Салыстырмалы кезеңде жарияланған ақпарат алдыңғы жылда болған ақпаратты жариялауды қайталайды.

Төмендегі кестеде XKEC (IAS) 39 стандарттарына сәйкес алдыңғы бағалау санаттары бойынша қаржылық активтердің әрбір түрінің теңгерімдік құнын олардың 2018 жылғы 1 қаңтарда XKEC (IFRS) 9-ға көшкен кезде қабылданған жаңа бағалау санаттарымен салыстыру келтірілген.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Каржылық есептілікке ескертпе**

5. Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу (жалғасы)

Бағалау санаты (мын қазақстандық тензимен)	ХКЕС (IAS) 39		ХКЕС (IAS) 39 сейкес тәнгерімдік күн (2017 жылғы 31 желтоқсан кезең сонындағы қалдық)		Өсер етуи		ХКЕС (IFRS) 9 сейкес тәнгерімдік күн 2018 ж. 1 қантар кезеңінің басындағы қалдық)
	ХКЕС (IAS) 39	ХКЕС (IFRS) 9	Міндетті	Ерікті	Қайта жіктеу	Қайта бағалау	
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламалары: – ҚРҰБ-дагы шоттар бойынша қаражат қалдықтары – Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар	Қарыздар және дебиторлық берешек:	Амортизациялан ған күн бойынша бағаланатын	18,692,460	-	-	-	18,692,460
			25,382,470	-	-	(2,119)	25,380,351
Каржы мекемелеріндегі қаражат: - Қаржы мекемелері берген несиелер – Бастапқы өтөу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	Қарыздар және дебиторлық берешек:	Амортизациялан ған күн бойынша бағаланатын	216,059,786	-	-	(4,206,763)	211,853,023
			9,518,492	-	-	(66,793)	9,451,699
Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер	Қарыздар және дебиторлық берешек:	Амортизациялан ған күн бойынша бағаланатын	3,324,539	-	-	(93,692)	3,230,847
Борыштық күнды қағаздарға инвестициялар	Сатылым үшін қолда барлар Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатында р	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ күн бойынша бағаланатындар	567,017	-	-	(7,326)	567,017
Борыштық күнды қағаздар	Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатында р	Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатындар	2,659,323	-	-	-	2,659,323
Өзге қаржы активтері:							
Тұынды қаржы құралдары	Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатында р	Пайда немесе шығын арқылы әділ күн бойынша бағаланатындар	25,193,064	-	-	-	25,193,064
Дебиторлық берешек	Қарыздар және дебиторлық берешек:	Амортизациялан ған күн бойынша бағаланатын	62,637	-	-	-	62,637
БАРЛЫҚ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ			301,459,788	-	-	(4,376,693)	297,090,421

«Даму» көсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ Қаржылық есептілікке ескертпе

5. Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу (жалғасы)

(а) Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламалары

7-ескертпеде көрсетілген ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламаларының барлық жіктелімдері ХКЕС (IAS) 39 сәйкес «қарыздар және дебиторлық берешек» бағалау санатынан көшу күніне ХКЕС (IFRS) 9 сәйкес амортизацияланған құн бойынша бағалау санатына қайта жіктелді. Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламалары бойынша күтілетін несиелік шығын елеусіз болды.

(б) Қаржы мекемелеріндегі қаражат

Банктердегі қаражаттың барлық жіктелімдері ХКЕС (IAS) 39 сәйкес «қарыздар және дебиторлық берешек» бағалау санатынан ХКЕС (IFRS) 9 сәйкес амортизацияланған құн бойынша бағалау санатына қайта жіктелді.

(в) Борыштық құндық қағаздарға инвестициялар

Бағалауды өзгертусіз алынып тасталған санаттардан қайта жіктеу. Жоғарыда айтылғанмен қатар, келесі борыштық құралдар ХКЕС (IFRS) 9 сәйкес жаңа санаттарға, олардың бұрынғы ХКЕС (IAS) 39 стандарттарына сәйкес бағалау санаттарын алып тастауга байланысты оларды бағалау өдісіне өзгертулер енгізүсіз қайта жіктелді:

- бұрын сату үшін қолда бар ретінде жіктелгендер және қазір өзге жиынтық табыс арқылы өділ құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелетіндер; және
- бұрын өтеуге дейін ұсталатындар ретінде жіктелгендер және қазір амортизацияланған құн бойынша бағаланатын ретінде жіктелетіндер.

Несиелік шығын бойынша құнсыздандыру резерві.

Темендеңі кестеде ХКЕС 39 бойынша келтірілген шығын моделіне сәйкес бағаланған алдыңғы кезеңнің соңына арналған құнсыздандыру резервін ХКЕС 9 бойынша болжалды шығын моделіне сәйкес бағаланған болжалды несиелік шығынға арналған жаңа резервті 2018 жылғы 1 қантардағы жағдай бойынша салыстыру келтірілген:

Бағалау санаты

	ХКЕС 39 бойынша несиелік шығын резерві	Қайта жіктеу	Қайта бағалау	ХКЕС 9 бойынша несиелік шығын резерві
(мың қазақстандық теңгемен)				
Ақшалай қаражат және ақшалай қаражат баламалары	-	-	(2,119)	(2,119)
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	(19,211,736)	-	(4,273,556)	(23,485,292)
Клиенттерге берілген несиелер мен алғытелеудер	(4,515,998)	-	(93,692)	(4,609,690)
Инвестициялық құндық қағаздар	(2,948,895)	-	(7,326)	(2,948,895)
Өзге қаржы активтері	(410,615)	-	-	(410,615)
 Барлығы	 (27,087,244)	 -	 (4,376,693)	 (31,456,611)
 Несиелік міндеттемелер және қаржы кепілдігі бойынша келісімшарттар	 (1,104,245)	 -	 (324,097)	 (1,428,342)
 Барлығы	 (1,104,245)	 -	 (324,097)	 (1,428,342)
 Кейінге қалдырылған салық активін есепке ала отырып, 2018 жылғы 1 қантардағы әсер ету жиыны	 -	 -	 (3,760,633)	 -

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша туынды қаржы құралдарынан басқа Қордың барлық қаржылық міндеттемелері амортизацияланған баға бойынша көрсетілген. Туынды құралдар БЕХС (IAS) 39 сәйкес пайда немесе шығын арқылы өділ құн бойынша бағалау санатына жатқызылды. Қаржылық міндеттемелерді жіктеу және бағалауға әсер ететін өзгерістер болжаптаган.

**«Даму» кәсіпкерлікі дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескерте**

5. Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу (жалғасы)

Төмендегі кестеде ХКЕС (IFRS) 9-ға көшу салдарынан 2018 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша салықтарды шегергендең резервтер және бөлінбекен пайдаға өсер бойынша талдау көрсетілген.

(мын казақстандық тенгемен)	Акционе рлік капитал	Қосымша төленген капитал	Сатылым үшін қолда бар құнды қағаздарды қайта багалау бойынша резерв	Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын құнды қағаздарды қайта бағалау бойынша резервте р	Өзге бойынша резервте р	Бөлінбекен пайда	Барлығы
ХКЕС (IFRS) 9-ға көшүге дейінгі, 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша сомалар							
	72,920,273	834,527	70,337	-	316,430	27,006,587	101,148,154
Амортизацияланға н құн бойынша бағаланатын қаржылық активтерге қатысты ХКЕС (IFRS) 9 бойынша күтілетін несиелік шығындарды мойндау	-	-	-	-	-	(3,495,494)	(3,495,494)
Өзге жиынтық табыс арқылы әділ құн бойынша бағаланатын борыштық қаржылық активтерге қатысты ХКЕС (IFRS) 9 бойынша күтілетін несиелік шығындарды мойндау	-	-	-	-	-	(5,861)	(5,861)
Несиелік сипаттағы міндеттемелерге қатысты ХКЕС (IFRS) 9 бойынша күтілетін несиелік шығындарды мойндау	-	-	-	-	-	(259,278)	(259,278)
2018 ж. 1 қаңтардағы жағдай бойынша (ХКЕС (IFRS) 9 сәйкес)	72,920,273	843,527	70,337	-	316,430	23,245,954	97,387,521

5. Жаңа немесе қайта қаралған стандарттар мен түсіндірулерге көшу (жалғасы)

ХҚЕС (IFRS) 9 «Теріс өтемақыны талап ететін мерзімінен бұрын өтеу сипаттамаларына» түзетулер (2017 жылғы 12 қазанда шығарылды және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Қор түзетулерді мерзімінен бұрын, стандартты қолданудың алғашы күнінен – 2018 ж. 1 қаңтардан бастап енгізі. Бұл түзетулер амортизацияланған бағадан төмен сомада өтеуге болатын белгіленген несиелер мен борыштық құнды қағаздарды амортизацияланған құн бойынша өлшеуге мүмкіндік береді. Мысалы, әділ құн бойынша немесе құралдың қалған әрекет ету мерзімі ішінде нарықтық пайыздың мөлшерлемесінің үлгію әсері бойынша келтірілген құнға тен қарыз алушы төлеуге міндетті орынды өтемақыны қосатын құн бойынша. Сонымен қатар, стандарттың «Қорытынды беруге арналған негіз» тарауына қосылған мәтін амортизацияланған құн бойынша өлшенген, мойындауды тоқтатуға соқтырмайтын белгіленген қаржылық міндеттемелерді түрлендіру немесе алмастыру пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы есептегі пайданың немесе шығынның пайда болуына алып келетіні туралы ХҚЕС (IFRS) 9-дағы әрекеттегі нұсқаулықты қайта мойындауды. Осылайша, Қор несиені түрлендіруден кейін пайда немесе шығынға тигізілетін әсердің алдын алу үшін несиенің қалған әрекет ету мерзіміне арналған тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта қарастыра алмайды. Осы жіктелімнің Қордың амортизацияланған құны бойынша көрсетілетін қаржылық құралдарының тенгерімдік құнына әсері елеусіз болды.

ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» стандарттарына түзетулер (2014 жылғы 28 мамырда шығарылды және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді) және ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» стандарттарына түзетулер (2016 жылғы 12 сәуірде шығарылды және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді). Қор ХҚЕС (IFRS) 15 «Сатып алушылармен шарттар бойынша түсім» стандарттарын бірінші пайдалану күнінен, яғни 2018 ж. 1 қаңтардан бастап қолданады. Жаңа стандарт түрленген ретроспективті әдісті пайдалана отырып, 2018 ж. 1 қаңтардағы белінбеген пайда құрамында жинақталған әсерді көрсету арқылы пайдаланады. Жаңа стандарт түсім тауарлар және қызметтер сатып алушыға мәміле бағасы бойынша берілген кезде мойындалуы тиіс маңызды қағиданы енгізеді. Тауарлардың немесе қызметтердің кезеңдегі жекелеген топтамалары белек мойындалуға тиіс, ал шартты бағадан барлық жеңілдіктер және ретроспективалық жеңілдіктер, әдette, жекелеген элементтерге белінеді. Өтеу мөлшері қандай да бір себеппен өзгерсе, сондай-ақ олар сторнациялаудың елеулі тәуекеліне ұшырамаса, минималды сомаларды мойындаған қажет. Сатып алушылармен шарттарды қамтамасыз етумен байланысты шығындар шарттан пайданы тұтыну орын алатын мерзімге капиталдандырылуға және амортизациялануға тиіс. Бұл стандарт Қорға айтарлықтай әсер тигізген жоқ.

Төменде келтірілген қайта қаралған стандарттар Қор үшін 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап міндетті болды және Қорға айтарлықтай әсер тигізген жоқ.

- ХҚЕС (IFRS) 2 «Акцияларға негізделген төлем» стандарттарына түзетулер (2016 жылғы 20 маусымда шығарылды және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IFRS) 4 «ХҚЕС (IFRS) 9 «Қаржылық құралдар» қолдану» және ХҚЕС (IFRS) 4 «Сақтандыру шарттары» стандарттарына түзетулер (2016 жылғы 12 қыркүйекте шығарылды және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдерге, уақытша босату нұсқасын таңдаپ отырган үйымдарға арналған тәсілге байланысты немесе – тыйым салу тәсілін қолданатын үйымдар үшін – ХҚЕС (IFRS) 9 алғашқы пайдаланған кезде күшіне енеді).
- Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарының жыл сайынғы жақсартулары, 2014-2016 жж. – ХҚЕС (IFRS) 1 және ХҚЕС (IAS) 28 стандарттарына түзетулер (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕТК (IFRIC) 22 «Шетел валютасындағы операциялар және алдын ала төлем» стандарттарына түсіндірулер (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылған және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).
- ХҚЕС (IAS) 40 «Инвестициялық жылжымайтын мулік» стандарттарына түзетулер (2016 жылғы 8 желтоқсанда шығарылды және 2018 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді).

6 Жаңа есеп қағидалары

2019 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін міндettі болып келетін және Қор әлі мерзімінен бұрын қабылдамаған жаңа стандарттар мен түсіндірүлөр қатары жарияланды.

ХҚЕС (IFRS) 16 «Жалдау» стандарттарына түзетулер (2016 жылғы қаңтарда шығарылды және 2019 жылғы 1 қаңтарда немесе осы күннен кейін басталатын жылдық кезеңдер үшін құшіне енеді). Жаңа стандарт жалдау операцияларына қатысты есептіліктері ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және жариялау қағидасын белгілейді. Барлық жалдау шарттары нәтижесінде жалдаушы жалдау шарттының әрекет ету мерзімі басталған сәттен бастап активтерді пайдалану құқығын иеленеді, сондай-ақ, жалдау бойынша тәлемдер уақыт кезеңі ішінде жүргізілетін болса, қаржыландыруды алады. Осылай сәйкес ХҚЕС (IFRS) 16 жалдаудың БЕХС (IAS) 17 сәйкес операциялық немесе қаржылық ретінде жіктелуін тоқтатады және сонын орнына жалдаушыларға арналған жалдау операцияларын есептеудің бірыңғай моделін енгізеді. Жалдаушылар: (а) жалдау нысанының құны төмен болған жағдайларды қоспағанда, әрекет ету мерзімі 12 айдан асатын барлық жалдау шарттарына қатысты активтерді және міндettемелерді; және (б) пайда және шығын туралы есептерде жалдау нысандарының амортизациясын жалдау міндettемелері бойынша пайыздардан бөлек мойындаулары тиіс. Жалға берушіден жалға алууды есептеуге қатысты, ХҚЕС (IFRS) 16, түтеп келгенде, БЕХС (IAS) 17 стандарттарында қарастырылған есептеу талаптарын сақтайды. Осылайша, жалға беруші жалдау шарттарын операциялық немесе қаржылық жалдау ретінде жіктеуді және, сәйкесінше, оларды есептілікте түрліше көрсетуді жалғастырады. 2018 жыл бойынша жалдау бойынша шығындар 157,262 мың теңгені құрады. Барлық жалдау шарттары кемінде 12 ай мерзімге жасалды. ХҚЕС 16-ның 6-тармағына сәйкес Қор ХҚЕС 16-ның 22-49-тармақтарындағы талаптарды қысқа мерзімді жалдауға қатысты қолданбауды шешті. Банк жүргізген талдау негізінде жаңа стандартқа көшуден болған әсер елеусіз болып келеді.

7 Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары

	31 желтоқсан 2018 жыл	31 желтоқсан 2017 жыл
(мың қазақстандық теңгемен)		
КРҰБ шотындағы қалдықтар (міндettі резервтерден басқа)	16,733,828	18,692,460
Талап етілгенге дейінгі банк шотындағы қалдықтар	15,183,991	25,382,470
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан кем банктердегі депозиттер	6,042,500	-
Құнсыздануына байланысты резервті есепке алмағанда	(6,645)	-
Барлық ақшалай қаражат пен олардың баламалары	37,953,674	44,074,930

Талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар шағын және орташа көсіпкерлік субъекттерін субсидиялау үшін алынған қаражатты қамтиды. 17-ескертлені қараңыз.

**«Даму» көсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Каржылық есептілікке ескерте**

7 Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары (жалғасы)

Төмендегі кестеде 2018 және 2017 жылдардағы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Standard and Poor's рейтингі негізінде несиелік сапа бойынша ақшалай қаражат пен олардың баламаларын талдау берілген:

(мың қазақстандық тенге)	31 желтоқсан 2018 жыл			31 желтоқсан 2017 жыл		
	Міндетті резервтер	Талап етілгенге дейінгі қосқандагы ҚРҰБ шоттары шотындағы ы ы	Барлығы	Міндетті резервтер	Талап етілгенге дейінгі қосқандагы ҚРҰБ шоттары шотындағы ы ы	Барлығы
Мерзімі өтіп кетпеген және құны жойылмаган						
- Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі	16,733,828	-	16,733,828	18,692,460	-	18,692,460
- А- және A+ аралығындағы рейтингпен	-	23,760	23,760	-	-	-
- BBB- және BBB+ аралығындағы рейтингпен	-	3,053,543	3,053,543	-	-	-
- BB- және BB+ аралығындағы рейтингпен	-	17,132,386	17,132,386	-	-	-
- B- және B+ аралығындағы рейтингпен	-	994,368	994,368	-	17,467,271	17,467,271
- CCC- және CCC+ аралығындағы рейтингпен	-	12,056	12,056	-	7,901,143	7,901,143
- рейтингі жоқ	-	10,378	10,378	-	13,454	13,454
					602	602
Кассадағы ақшалай қаражатты қоспағанда, барлық ақшалай қаражат пен олардың баламалары						
	16,733,828	21,226,491	37,960,787		18,692,460	25,382,470
						44,074,930

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «CCC» рейтингімен талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтар «AsiaCreditBank» АҚ-да талап етілгенге дейінгі банк шоттарындағы қалдықтарды білдіреді (2017 ж.: «Bank RBK» АҚ - 13,454 мың тенге).

Несиелік рейтинг Standard and Poor's рейтингтік шкаласы бойынша ең жақын балама мәнге дейін айырбасталатын Standard and Poor's агенттігінің (бұл рейтинг болған жағдайда) және Moody's, агенттігінің рейтингіне негізделген.

Төменде 2018 жыл ішінде ақшалай қаражаттардың және олардың баламаларының құнсыздануы бойынша резервтерге талдау берілген:

(мың қазақстандық тенге)	Талап етілгенге дейінгі банк шоттары шотындағы бойынша қалдықтар	ҚРҰБ-дағы бойынша қалдықтар	Бастапқы етеу мерзімі үш айдан кем басқа банктердегі депозиттер	Барлығы
2018 жылғы 1 қантардағы құнсыздану бойынша резерв				
ХКЕС-9 стандартына көшу	(2,119)	-	-	(2,119)
Жыл ішінде құнсыздану бойынша резервті қалпына келтіру/(резервке бөлінген сомалар)	1,731	-	(6,257)	(4,526)
2018 жылғы 31 желтоқсандағы ақшалай қаражаттар және олардың баламаларының	(388)		(6,257)	(6,645)

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Каржылық есептілікке ескертпе**

Талап етілгенге ҚРҰБ-дағы
дайінгі банк шоттар
шотындағы бойынша
қалдықтар қалдықтары

Бастапқы өтеу мерзімі үш
айдан кем басқа
банктердегі депозиттер Барлығ
ы

**күнсыздануы бойынша
резерв**

Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының әділ құнына қатысты 34-ескертпені қараңыз. Ақшалай қаражат пен олардың баламаларының пайыздық мөлшерлемесін талдау 31-ескертпеде берілген. Байланысты тараптармен операциялар бойынша ақпарат 36-ескертпеде берілген.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Каржылық есептілікке ескерте**

7 Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары (жалғасы)

Төменде ақшалай қаражаттар және олардың баламаларын қолдануды талап етпеген және ақшалай қаражаттың қозғалысы туралы есепке енгізілмеген инвестициялық және қаржылық операциялар туралы ақпарат берілген:

(мың қазақстандық теңгемен)	2018 ж.	2017 ж.
Ақшалай емес инвестициялық қызмет		
Өзге жиынтық табыс арқылы өділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарды берілген қарыздарға айырбас ретінде сатып алу	140,881	-
Пайда немесе шығын арқылы өділ құн бойынша бағаланатын борыштық құнды қағаздарды берілген қарыздарға айырбас ретінде сатып алу	175,311	-
Ақшалай емес инвестициялық қызмет	316,192	-

8 Қаржы мекемелеріндегі қаражат

(мың қазақстандық теңгемен)	31 желтоқсан 2018 жыл	31 желтоқсан 2017 жыл
Қаржы мекемелері берген несиелер	230,394,115	235,271,522
Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	11,767,466	9,518,492
Несиелердің құнсыздануы бойынша резервтерді есепке алмағанда	(12,603,000)	(19,211,736)
Қаржы мекемелеріндегі барлық қаражат	229,558,581	225,578,278

Қорда 52,996,774 мың теңге көлемінде «ЦеснаБанк» АҚ-ға ұсынылған қарыздар бойынша талаптар болды, олар мемлекеттік қаражаттан және АДБ-дан алынған қаражаттан берілген болатын. 2018 жылғы желтоқсанда АДБ қаражатынан 32,591,479 мың теңге көлемінде берілген қарыздар бойынша талаптар Қазақстан Республикасы Үкіметі, «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ, «Бәйттерек» ҰБХ» АҚ, «ҚазАгроХолдинг» АҚ және «Цесна Корпорациясы» АҚ арасында жасалған 2018 жылғы 19 қыркүйектегі Шекті келісім шарттарына сәйкес қайта құрылымдауды. Аталған қайта құрылымдау аясында «Цеснабанк» АҚ-мен берілген қарыздар бойынша талаптар – 15 жылдық өтеу мерзімімен және 4% мөлшерлемесімен «Цеснабанк» АҚ борыштық облигацияларына алмастырылды. Қор 2018 жылғы желтоқсан айында осы облигацияларды өтеуін төлеп алды.

2019 жылғы 18 қантарда екінші шекті келісімге қол қойылып, аталған облигациялар мөлшерлеменің 0.1%-ға дейін түсірілген арқылы қайта құрылымдауды. Мемлекеттік қаражаттан берілген қарыздардың қалған бөлігі бойынша 20,499,974 мың теңге сомаға, пайыздық мөлшерлемесін 0,1%-ға дейін төмендету бойынша және түрлендірілген қунінен бастап 15 жылдық өтеу мерзімімен келісімшарттық талаптарды түрлендіру жүргізілді. Екінші қайта құрылымдаудан кейін Қор барлық қарыздар бойынша талап ету құқығынан айырылды. Бұның нәтижесінде шығындардың (LGD) 55%-дан 70%-ға дейін үлғауы орын алды. Қор басшылығы аталған қайта құрылымдауды есептік күнге түзетуді талап ететін, есептік күннен кейінгі оқиға ретінде есептейді.

Қор қарыздар мен облигацияны модификациялауды маңызды және бұрынғы қаржылық құралды мойындауды тоқтатып, жаңа құралды мойындауды талап етеді деп бағалайды. Ең алдымен Қор бастапқы қаржылық құралды құнсыздану мөлшерін сәйкесінше 70% және 100%-ға тең LGD және PD коэффициенттерін пайдалану арқылы белгіледі. Одан кейін Қор облигациялардың өділ құнын есептеді. Ол 3,935,983 мың теңгені құрады. Әділ құнды белгілекен кезде Қор дисконтталған ақша ағындарының моделін пайдаланды және нарықтық мөлшерлемені несиелік төуекелді есепке ала отырып, нарықтық деректер негізінде 15.45% көлемінде белгіледі. Осылайда АДБ қаражаттарынан берілген қарыздарды модификациялау нәтижесінде Қор пайда немесе шығын және өзге жиынтық табыс туралы есепте құнсыздануды 18,040,172 мың теңге және капитал құрамында 4,920,047 мың теңге көлемінде, сондай-ақ облигацияларды мойындау бойынша шығынды капитал құрамында 5,904,111 мың теңге мөлшерінде мойындауды. 4-ші және 12-ші ескертпелерді қараңыз.

Мемлекеттік қаражаттан берілген қарыздар бойынша Қор қарыздардың өтелеңтін құнын белгіледі және пайда немесе шығын туралы есепте құнсыздану бойынша шығынды 4,057,456 мың теңге, ал капитал құрамында 1,030,398 мың теңге көлемінде мойындауды. Шығындардың бір бөлігі оны Қор акционерлері қабылдауға байланысты, меншікті капитал құрамында мойындауды.

8 Қаржы мекемелеріндегі қаражат (жалғасы)

2017 жылғы 28 сәуірде талап ету құқықтарын беру туралы жасасқан шарт шеңберінде Қор «Delta Bank» АҚ берген несиелерді өтеу есебіне 15,443,912 мың теңге негізгі қарыз және 253,529 мың теңге есептелген сыйақы көлемінде «Delta Bank» АҚ-дан шағын және орта бизнес көсіпорындарына берілген несиелер қоржынын алды. Қор басшылығы шағын және орта бизнес көсіпорындарына берілген несиелердің жаңа қоржынын әділ құнын талап ету құқықтарын беру күніне 11,418,676 мың теңге көлемінде бағалады. Бұның нәтижесінде осы несиелерді бастапқы мойындау бойынша шығын 4,278,421 мың теңге көлемінде мойындалды. Әділ құнды бағалау кезінде өтеу көздерінен күтілетін ақша ағындары қарыз алушыларға арналған несиелік тәуекелді есепке ала отырып түзетілген 14% мөлшеріндегі нарықтық пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконтталды. 4, 9 және 25-ші ескертпелерді қараңыз.

«Delta Bank» АҚ алдында қалған берешек 4,152,389 мың теңгегені құрады (2017 жылғы 31 желтоқсан: 4,152,389 мың теңге) және нарықтан төмен мөлшерлемеде берілген қарыздар бойынша болмады (2017 ж.: 4,151,448 мың теңге). 2018 жыл ішінде Қор «Delta Bank» АҚ алдындағы берешек сомаларын өтеу жұмыстарын жүргізді. 2018 жылғы желтоқсанда Қор атапған берешекті айналымнан тыс есепке көшіріп таstadtы.

Қаржы үйімдарына берілген несиелер бойынша өзгеріс қаражаттарды коммерциялық банктерде орналастыру, несиелер бойынша жоспарлы және мерзімінен бұрын өтеу, қарыздарды қайта құрылымдау және нарықтық мөлшерлемелерден төмен мөлшерлемелер негізінде берілген несиелер бойынша дисконтты амортизациялау нәтижесінде орын алды.

Теменде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік сапа бойынша қаржы мекемелерінде қаражатты талдау берілген:

(мың қазақстандық теңгемен)	Қаржы мекемелері берген несиелер	Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	Барлығы
Дефолт сәтіндегі берешек – есепті кезең аяқталғаннан кейін тәуекел сомасында күтілген өзгерістердің ескерілуімен дефолттың келешек құнінде тәуекелдің бағалануы, соның ішінде қарыздың негізгі сомасы мен пайыздардың өтелуін, және несиелік міндеттемелер бойынша қаражаттың күтілген пайдаланылуын қоса алғанда. **Дефолт ықтималдығы (PD)** – белгілі уақыт кезеңі барысында дефолттың орын алу ықтималдығын бағалау. **Дефолт болған жағдайдағы шығын (LGD)** – дефолт кезінде туындастырылған несиелік шығынның бағалануы. Ол шартта көзделген төлеуге жататын ақша ағындары мен кредитор алуға күтітін ағындардың арасындағы айырмасы негізделеді, соның ішінде қамтамасыз етуді сатудан туындастырылған қоса алғанда. Әдетте бұл көрсеткіш дефолт сәтіндегі берешектің пайызы түрінде көрініс табады (EAD). Күтілген шығындар есепті кезеңнің соына қарай келтірілген құнның дейін дисконтталады. Дисконттау мөлшерлемесі қаржы құралы бойынша тімді пайыздық мөлшерлемені (TPM) немесе оның болжалды шамасын білдіреді.

Күтілетін несиелік шығындар құралдың бүкіл қолданылу мерзіміне үлгіленеді. Құралдың бүкіл қолданылу мерзімі – кенеттен мерзімінен бұрын өтеудің ескерілуімен (егер бұл орын алса) борышқорлық құралдарды өтеу мерзіміне дейін шарттың қолданылуының қалған мерзіміне тең. Қарыздар мен қаржы кепілдігі шарттарын ұсыну бойынша міндеттемелер үшін бұл – Қорда шартпен көзделген ағымдағы қарыз беру міндеті бар болатын, шартпен белгіленген кезең.

31 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

«Бұкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығындар» басқару үлгісінде қаржы құралын қолданудың қалған мерзімі барысында барлық болжалды дефолт уақығаларының орын алуы нәтижесінде туындайтын шығындар бағаланады. «12 айлық күтілетін несиелік шығындар» үлгісі есепті кезеңнің соңынан бастап 12 ай бойы немесе егер бір жылдан кем болса – қаржы құралын қолданудың қалған мерзімі барысында болуы мүмкін, қаржы құралы бойынша дефолт уақығасы орын алған жағдайда туындайтын, бұкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығындардың бір бөлігін білдіреді.

Қаржы есептілігін дайындау үшін күтілетін несиелік шығындардың басшылықпен бағалануы – әдетте реттеу мақсатында пайдаланылатын бұкіл циклдегі бағалаларға емес, белгілі уақыт сәтіндегі бағалаларға негізделген. Бағалауда болжамды ақпарат пайдаланылады. Осылайша, КНШ несиелік тәуекелге әсер ететін ықтималдықтың ескерілуімен өлшенген негізгі макроэкономикалық көрсеткіштердің өзгерістерін көрсетеді.

Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған қаржы активтері (POCI) үшін КНШ үлгілеу дәл сондай жолмен орындалады, бірақ мыналарды қослағанда: (а) жалпы тәңгерімдік құны мен дисконттау мәлшерлемесі – шартта көзделген ақша ағындары негізінде емес, активті бастапқы мойындау сәтінде алынуы мүмкін болған ақша ағындары негізінде анықталатын болса, және (б) ККШ әрдайым бұкіл мерзімдегі ККШ-ке тегін болса. Құрылған немесе сатып алынған құнсызданған активтер дегеніміз – бұрын бизнесті біріктірудің нәтижесінде сатып алынған құнсызданған қарыздар секілді, бастапқы мойындау сәтінде құнсызданған қаржы активтері.

Дефолттың ықтималдығын бағалау үшін Қор дефолтты – тәуекелге ұшырағыштығы тәменде атальп әткен критерийлердің біріне немесе бірнешесіне сәйкес келетін жағдай ретінде анықтайды:

- 90 күннен артық уақытқа мерзімін кешіктіру;
- Контрагенттің дефолт жариялауының жоғары ықтималдығы және/немесе контрагенттің банкрот болып танылуы;
- Контрагент берешегінің қайта құрылымдалуы;
- Тиісті қадағалаушы органмен контрагенттің лицензиясының қайтарып алынуы және/немесе тоқтатыла туруы;
- Атаптан берешек бойынша елеулі резервтердің құрылуы немесе берешектің есептен шығарылуы;
- Контрагентпен міндеттемелер бойынша ковенанттардың бұзылуы;
- Бір контрагенттің басқа құралдары бойынша дефолттың мойындалуы;
- Қаржылық қыындықтарға байланысты қаржы активі бойынша белсенді нарықтың жоғалуы;
- Қарыз алушының қаржылық қыындықтарына байланысты концессия туралы келісімнің жасалуы;
- Елеулі дисконтпен қаржы активтерінің құрылуы немесе сатып алынуы, бұл - контрагенттің дефолт болу уақығасының куәлігі болып табылуы мүмкін;

Құрал бұдан былай дефолттық болып есептелмейді (яғни төлемдердің кешіктірілуі жойылған), егер ол дефолт критерийлерінің ешқайсысына сәйкес келмейтін болса.

Бастапқы мойындау сәтінен бастап несие тәуекелінің едәуір ұлғаюының (SICR) болуын немесе болмауын бағалау – жеке негізде де, қоржындық негізде де орындалады. Өзге жынытық табыс арқылы әділ құны бойынша немесе амортизацияланған құны бойынша ескерілетін борыштық құндық қағаздар, қаржы мекемелеріндегі қаражат үшін несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы тәменде көрсетілген критерийлерге мониторинг жасау жолымен жеке негізде бағаланады. Оған қатысты Қордың Тәуекел менеджменті департаменті олардың тиісті сипаты тұргысынан несие тәуекелінің едәуір ұлғаю дерегін анықтау үшін пайдаланылатын критерийлерді тексеру мен мерзімді мониторинг жасауды жүзеге асырады. Егер қаржы активтері 30 күннен артық уақытқа кешіктірілген болса, бастапқы мойындау сәтінен бастап несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы орын алады деген болжам жоққа шығарылмайды.

Қор несие тәуекелінің тәмен бағалануымен байланысты өзгешелікті инвестициялық қаржы активтеріне қолдануды шешті. Осылайша, тәпті инвестициялық рейтингі бар активтер несие тәуекелінің едәуір ұлғаюының болуына қатысты бағаланбайды.

Қор келесідей бір немесе бірнеше сандық, сапалық немесе шектеушілік критерийлер орындалатын кезде қаржы құралы бойынша несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы орын алады деп есептейді.

31 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Несие тәуекелінің едәуір ұлғаюын (SICR) бағалау үшін Қор келесі критерийлерді қолданады:

- Төлемдер бойынша мерзімін кешіктірудің болуы 30 күннен аспайтын мерзімді құрауы;
- Контрагенттің сыртқы несиелік рейтингінің төмендеуі;
- Қарыз алушының жағдайының нашарлауы туралы немесе қарыз алушы жұмыс істейтін индустриядағы мәселелер туралы қолжетімді көздерден алынған ақпарат;
- Қарыз алушының немесе әмитенттің басқа қаржы құралдары туралы ақпарат;

Осы қаржы есептілігінде мойындалатын, күтілетін несиелік шығындардың деңгейі бастапқы мойындау сәтінен бастап қарыз алушының несиелік тәуекелінің едәуір ұлғаюының болуына байланысты. Бұл тәсілдеме Күтілетін несиелік шығындарды бағалаудың үш кезеңдік үлгісіне негізделген. 1-кезең – бастапқы мойындау сәтінде құнсызданған болып табылмаған және осы сәттен бастап ол бойынша несие тәуекелінің едәуір ұлғаюы болмаған қаржы құралы үшін, несиелік шығындар бойынша бағалау резерві 12 айлық күтілетін несиелік шығындар негізінде құрылады. 2-кезең – егер бастапқы мойындау сәтінен бастап несиелік тәуекелдің едәуір ұлғаюы анықталған болса, қаржы құралы 2-кезеңге ауыстырылады, алайда әлі де құнсызданған болып есептелмейді, бірақ несиелік шығындар бойынша бағалау резерві бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығындар негізінде құрылады. 3-кезең – егер қаржы құралы құнсызданған болып табылса, ол 3-кезеңге ауыстырылады және шығындар бойынша бағалау резерві бүкіл мерзімдегі күтілетін несиелік шығындар негізінде құрылады. Активті 3-кезеңге ауыстырудың нәтижесінде үйім жиынтық тенгерімдік құны негізінде пайызыдық табысты мойындауды додарады және пайызыдық табысты есептеу кезінде тенгерімдік құнына – күтілетін несиелік шығындардың шегерілуімен, активтің тиімді пайызыдық мөлшерлемесін қолданады.

Несие тәуекелінің едәуір ұлғаю критерийлерінің енді орындалмай жатқандығының айғағы бар болса, құрал 1-кезеңге кері ауыстырылады. Егер тәуекел сапа белгісі негізінде 2-кезеңге ауыстырылған болса, Қор оның сақталатынына немесе өзгеретініне көз жеткізу үшін осы белгіге мониторинг жасауды жүзеге асырады.

Сатып алынған немесе құрылған құнсызданған қаржы активтері бойынша Күтілетін несиелік шығындар әрдайым бүкіл мерзім үшін бағалаанды. Осылайша, Қор бүкіл кезең үшін күтілетін несиелік шығындардағы жиынтық өзгерістерді ғана мойындаиды.

Күтілетін несиелік шығындарды бағалау үшін Қор үш тәсілдемені қолданады: (i) жеке негізде бағалау; (ii) портфельдік негізде бағалау: несиелік қаржының біртекті сегменттері үшін күтілетін несиелік шығындарды есептеу барысында несие тәуекелінің бірдей параметрлері қолданылады (мысалы, дефолт ықтималдығы, дефолт болған жағдайдағы шығын); (iii) сыртқы рейтингтер негізіндегі бағалау. Қор қаржы құралдарының келесі түрлері үшін қоржындық негізде бағалау жүргізеді: ШОБ-ге берілген қарыздар мен алғытөлемдер және қаржылық кепілдіктер. Бұл тәсілдеме қарыз алушылар туралы нақты ақпарат негізінде біртекті сегменттердегі қаржынды агрегаттауды қамтиды, мысалы, берешекті мерзімінде өтемеу.

Қор қаржы мекемелері, борыштық құнды қағаздар үшін, және ірі корпоративтік клиенттердің жаңында сыртқы рейтингтер негізінде бағалауды орындаиды.

Күтілетін несиелік шығындарды жеке негізде бағалау – әрбір нәтиженің ықтималдығына қатысты әртүрлі болжанды нәтижелердің үшін несиелік шығындарды өлшеу жолымен жүргізіледі. Қор бағалау периметріне енгізілген әрбір қаржы активі үшін кемінде екі болжанды нәтижені анықтайды, олардың бірі – осындағы сценарийдің ықтималдығы темен болуына қарамастан, несиелік шығынға алып келеді. Жеке бағалау, негізінен, тәжірибелі қызметкерлердің сарапшылық пайымдауларына негізделеді. Сарапшылық пайымдаулар – бағалаулар мен іс жүзіндегі шығындардың арасындағы айырманы зайту мақсатында сыйналады.

31 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Бағалау қоржындық негізде орындалатын болса, Қор тәуекелдерге ұшырағыштық кезеңдерін анықтайды және ұжымдық негізде шығындар бойынша бағалау резервтерін есептеп шығарады. Қор өзінің несие қоржынын – топ аясындағы несие қоржындары біртекті және үқсас тәуекелдерді иемденетіндегі жолмен несие тәуекелінің жалпы сипаттамалары негізінде анықталған сегменттер бойынша талдайды. Қаржы активтерінің негізгі жалпы сипаттамалары мыналарды қамтиды: клиенттің типі, бастапқы мойындау күні, өтеуге дейінгі мерзім, қамтамасыз ету сапасы және қаржы активінің сомасы мен қамтамасыз ету құнының арақатынасы (LTV). Әртүрлі сегменттер де несие тәуекелінің параметрлеріндегі өзгешеліктерді көрсетеді, мысалы, дефолт болу ықтималдығы және дефолт болған кездегі шығындар секілді. Тәуекелдерді басқару бөлімі тұрақты негізде топтарға бөлінудің тиіссті сипатын тексеру мен мониторинг жасауды жүзеге асырады.

Жалпы алғанда, күтілетін несиелік шығындар құралдық тиімді пайыздық мәлшерлемесінің пайдаланылуымен келтірілген құнына дейін дисконттадан несие тәуекелінің жоғарыда анықталған дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт болған кездегі шығындар секілді параметрлерінің туындысына тен. Күтілетін несиелік шығындар әрбір жекелеген қаржы активінің немесе жалпы сегменттің қолданылу мерзімі ішінде әрбір келешек ай / жыл үшін несие тәуекелін болжака жолымен анықталады (дефолт сәтіндегі берешек, дефолт ықтималдығы және дефолт болған кездегі залапдар). Осы үш компонент «аман қалу» ықтималдығының ескерілуімен алмасып тұрады және түзетіледі (яғни алдыңғы ай барысында қаржы активітеді ма, жоқ әnde дефолт орын алды ма). Бұл – әрбір келешек кезең үшін күтілетін несиелік шығындардың есептелуін іс жүзінде қамтамасыз етеді, ол кейіннен есепті кезеңге қайта дисконттады және қосындыланады. Күтілетін несиелік шығындарды есептеу үшін пайдаланылатын дисконттау мәлшерлемесі бастапқы тиімді пайыздық мәлшерлемені немесе оның болжалды шамасын білдіреді.

Несие тәуекелінің параметрлерін есептеп шығарудың негізгі қағидаттары. Дефолт сәтіндегі берешек өнімнің типіне қарай өзгеретін күтілген төлем графигі негізінде анықталады. Бір уақытта өтелеуімен амортизацияланатын өнімдер мен қарыздар үшін дефолт сәтіндегі берешек 12-жылдық кезең үшін немесе бүкіл мерзім үшін шарт бойынша қарыз алушымен өтелеу тиіс сомалар негізінде анықталады. Бұл сондай-ақ қарыз алушы тарапынан күтілетін артық төлемнің ескерілуімен түзетіледі. Есепке сондай-ақ мерзімінен бұрын төлеу немесе қайта қаржыландыру туралы жорамалдар енгізіледі. Жаңғыртылмалы өнімдер үшін дефолт сәтіндегі берешек – қалған лимитті дефолт сәтіне, пайдаланылған қаражаттардың ағымдағы қалдығына күтілген пайдалануды ескеретін «несиелік конверсия коэффициентін» қосу жолымен болжанады. Бұл болжамдар өнімнің типіне, лимиттің ағымдағы пайдаланылуына және нақты контрагенттің басқа да жосықтық сипаттамаларына қарай өзгереді.

Күтілетін несиелік шығындарды есептеп шығару үшін дефолт ықтималдығының екі түрі пайдаланылады: 12 ай барысында дефолта ықтималдығы және бүкіл мерзімдегі дефолт ықтималдығы. Дефолттың 12-айлық ықтималдығын бағалау – әткен кезеңдердегі дефолт туралы қолда бар соңғы деректерге негізделеді және қажет болған жағдайда болжамдық ақпараттың ескерілуімен түзетіледі. Бүкіл мерзімдегі дефолт ықтималдығы қаржы құралын қолданудың қалған мерзімі барысында дефолттың орын алу ықтималдығының бағалауын ұсынады және құралдардың бүкіл қолданылу мерзімінде дефолттың 12-айлық ықтималдықтарының сомасы болып табылады. Бүкіл кезеңдегі дефолттың ықтималдығын есептеп шығару үшін Қор қаржы құралының типі мен сегменттің қарай әртүрлі статистикалық әдістерді пайдаланады, мысалы: миграция қалыптамасы негізінде дефолттың 12-айлық ықтималдығының экстраполяциясы, әткен кезеңдердегі дефолттар туралы деректердің негізінде бүкіл мерзімдегі дефолттың қисық ықтималдығын жасау, тәуекелдердің қарқындылығы әдісі немесе басқалар.

Дефолт болған кездегі шығын дефолттың несие бойынша шығын мәлшеріне қатысты Қордың болжамын білдіреді. Дефолт болған кездегі шығын контрагенттің типіне, талаптың типі мен басымдылығына және кепілзаттың немесе өзге несиелік қамтамасыз етудің болуына байланысты. 12 ай үшін және бүкіл мерзім үшін дефолт болған кездегі шығындар дефолттың орын алуынан кейін күтілетін өтемге өсер ететін факторлар негізінде анықталады. Дефолт болған кездегі шығынды бағалауға қатысты тәсілдеме үш болжалды әдіске бөлініү мүмкін:

- қамтамасыз етудің нақты сипаттамалары негізінде дефолт болған кездегі шығынды бағалау;
- аталған халықаралық агенттіктерге дефолт болған жағдайда шығынды есептеп шығару;
- әртүрлі факторлар мен сценарийлерге қарай, дефолт болған жағдайда шығынды жеке анықтау.

Қор дефолт болған кездегі шығынды – қамтамасыз етудің болжамдық құны, әткен кезеңдердегі сату бағасына арналған женілдіктер және жылжымайтын мүлік нысандарымен және өтімді құнды қағаздармен қамтамасыз етілген қарыздарға қатысты өзге факторлар секілді, қамтамасыз етудің нақты сипаттамалары негізінде есептеп шығарады. Дефолт болған кездегі шығын ұжымдық негізде, қамтамасыз етумен және қамтамасыз етусіз корпоративтік несиелер қоржының қалдығына қатысты несиелерді өндіріп алу туралы соңғы қолжетімді статистикалық деректердің пайдаланылуымен және халықаралық агенттіктердің деректері негізінде есептеп шығарылады.

31 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Қарыз ұсыну жөніндегі міндеттемелер мен қаржылық кепілдіктерге қатысты құтілетін несиелік шығындарды бағалау. Осы құралдар бойынша құтілетін несиелік шығындарды бағалау – жоғарыда теңгерімдік тәуекелдер үшін сипатталған кезеңдерді қарастырады және дефолт сөтіндегі берешекті есептеп шығару бөлігінде өзгешеленеді. Дефолт сөтіндегі берешек несиелік конверсия коэффициенті (CCF) мен келешек операциялар бойынша шарттық міндеттемелер сомасының туындысы болып табылады (ExOff). Қаржылық кепілдіктер үшін несиелік конверсия коэффициенті дефолт сөтіндегі берешекті статистикалық талдау негізінде анықталады.

Сыртқы рейтингтер негізінде бағалау қағидаттары. Белгілі құралдарда несие тәуекелдерінің сыртқы рейтингтері бар, олар тиісті рейтинг агенттіктерімен жарияланған қаражаттарды өндіріп алу мен дефолттардың статистикасы негізінде «дефолт ықтималдығы» және «дефолт болған кездегі шығын» несиелік тәуекелінің параметрлерін бағалау үшін пайдаланылады. Бұл тәсілдеме қаржы институттарына берілген қарыздарға, қаржы институттарының пайдасына берілген кепілдіктер мен құнды қағаздарға қолданылады.

Құтілетін несиелік шығындардың улгісіне енгізілген болжамдық ақпарат. Несие тәуекелінің едәуір артуын бағалау және Күтілетін несиелік шығындарды есептеп шығару – расталатын болжамдық ақпараттың енгізілүүн түспалдайды. Қор қаржы активтері бойынша іс жүзіндегі шығындар мен бағалаулардың арасындағы алшақтықтарды азайту үшін өз әдістемелері мен жорамалдарын үнемі тексеріп отырады.

Теңгерімнен тыс қаржы құралдарына арналған несие тәуекелі басқа қатысушылардың келісімшарт шарттарын орындауда нәтижесінде шығындарға ұшырау ықтималдығы ретінде анықталады. Қор шартты міндеттемелерге қатысты келісімдерді бекіту, тәуекелді шектейтін шектеулерді қолдану және мониторинг процедураларына негізделген теңгерімдік қаржы құралдарына қатысты несиелік саясатпен бірдей саясатты қолданады.

Өтімділік тәуекелі – Қор өз міндеттемелерін орындау мақсатында қаржы құралдарын қатыстыру қындықтарымен қақтығысуы мүмкін тәуекел. Өтімділік тәуекелі өзінің теңгерімнен тыс міндеттемелеріне үақытылы жауап беру үшін, Қордың жеткілікті өтімділік құралдарының қолайлы бағамен қамтамасыз етіліне әсер ететін активтерді және міндеттемелерді өтеу мерзіміне сәйкес келмеген жағдайда туындаиды. Активтер мен міндеттемелер бойынша өтеу мерзімі мен пайыздық мөлшерлемесінің сәйкес келуі және/немесе бақыланатын сәйкес келмеуі Қорды қоса, қаржы институттарын бақылау кезіндегі негізін қалауыш мезет болып табылады. Орындалатын операциялардың және олармен байланысты анық еместік нәтижесінде активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімі бойынша толық сәйкестік қаржы институттары үшін операциялардың кірісін арттыруға мүмкіндік беретін қалыпты тәжірибе болып табылмайды, дегенмен, шығындардың орын алу тәуекелін арттырады.

Қор өтеу мерзімі келген кезде барлық міндеттемелерді орындау үшін қажетті ақшалай қаражаттың әрдайым қолда болуын қамтамасыз ету мақсатында өтімділікті бақылауды жүзеге асырады. Өтімділікті бақылау саясатын Директорлар кеңесі бекітеді.

Қор Директорлар кеңесі бекіткен Қордың өтімділік шығыны тәуекелін бақылау ережесі аясында өтімділік тәуекелін басқарады. Ережелер өтімділікті жоғалту тәуекелін басқарудың негізі процестері мен тәртіпптерін анықтайды, сондай-ақ, өтімділікті жоғалту тәуекелін тиімді басқару және Қорда барлық міндеттемелерді жабу үшін жеткілікті қаражаттың болуын қамтамасыз ету мақсатында Қордың осы процеске қатыстырылған құрылымдық бөлімшелерінің функциялары мен үекілдіктерін орнатады. Ережелерді барлық қызметкерлердің, құрылымдық бөлімшелердің және Қордың алқалы органдары орындауға міндетті.

Осы Ережелер аясында өтімділікті жоғалту тәуекелі келесі құралдардың/талдаушылық есептердің көмегімен өлшенеді және бақыланады: өтімділіктің реттеуішлік және шарттық нормативтері; өтімді құралдардың ағымдағы қалдықтарын, өтімді құралдардың жоспарланатын ағындарын/ағып кетулерін талдау; өтімділіктің ішкі коэффициенттері; өтімділіктің алшақтықтары (гәп-талдау). Өтімді қаражаттың артықтығының немесе жетіспеушілігін алдын алу үшін, Қордың активтерді және пассивтерді бақылау комитетті өтімді қаражаттарды қатыстыру және қолдану қызметін бақылайды. Қордың ағымдағы және қысқа мерзімді өтімділігін бақылау өтімді қаражаттың ағымдағы қалдықтарын және өтімді қаражаттың жоспарланатын кірістерін/шығыстарын талдау негізінде тәуекелдерді басқару үшін жауапты құрылымдық бөлімшесімен жүзеге асырылады. Орындалатын талдау негізінде көрсетілген бөлімше шоғырландырылған негізде «Активтер мен міндеттердің уақытша құрылымы» есебін жасайды және оны Қор Басқармасына береді.

Активтерді және пассивтерді басқару комитеті Қордың өтімділігін жоғалту тәуекелін азайту бойынша шараларды қабылдау үшін өтімділік тәуекелі деңгейін талдау арқылы өтімділік тәуекелін бақылайды. Ағымдағы өтімділікті ағымдағы өтімділікке қолдау көрсету және ақша ағындарын оңтайландыру үшін қаржы нарықтарында операцияларды жүзеге асыратын Қаржы мекемесі басқарады.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпе**

31 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Өтімділікті басқару бойынша Қор саясаты мыналардан тұрады:

- өтімді активтердің қажетті деңгейіндегі осы ақша ағындарымен байланысты негізгі валюта мен есептесу қимасындағы ақша ағындарын болжау;
- қаржыландыру көздерінің әртараптандырылған құрылымдарына қолдау көрсету;
- қарызың қаражаттың концентрациясын және құрылымын басқару;
- қарызды қаржыландыру бойынша жоспарларды дайындау;
- кассалық өтімділік үзілген жағдайда қорғаныс шарасы ретінде еркін қолдануға болатын жоғары өтімділік активтері потфеліне қызмет көрсету;
- өтімділікке және қаржыландырудың берілген деңгейіне қолдау көрсету бойынша резервтік жоспарларды дайындау;
- Қордағы теңгерімдік өтімділік көрсеткіштерінің заңмен орнатылған нормативтерге сәйкестігін бақылауды жүзеге асыру.

Қаржы мекемесі күн сайын қаржы нарықтарындағы өтімділік позициясына мониторинг жүргізеді. Қалыпты нарық жағдайларында Қордың өтімділік жағдайы туралы есептер жүйелі негізде жоғары басшылыққа беріліп отырады. Қордың өтімділігін басқару саясатына қатысты шешімді Басқарма және Қордың активтері мен пассивтерін бақылау жөніндегі комитет қабылдайды.

Төмендегі кестеде өтеу бойынша шарттық дисконттегі міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер белгілінде 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық міндеттемелері ұсынылған:

(мын қазақстандық тәңгемен)	Талап етілгенге дейін немесе 1 айдан аз						Барлығы
	1 және 3 ай аралығында	3 және 6 ай аралығында	6 және 12 ай аралығында	1 жылдан астам			
31 желтоқсан 2018 жыл ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ							
Қарызың қаражаты	955,960	662,984	1,263,132	25,693,067	311,847,499	340,422,642	
Шығарылған борыштық құнды қағаздар	-	-	-	-	17,508,000	17,508,000	
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	4,974,063	-	-	-	-	4,974,063	
Келешек кезеңдердегі табыстар және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	484,459	276,903	9,092,060	6,433,471	100,648,616	116,935,509	
Фізикалық қаржы міндеттемелері	520,065	-	-	-	-	520,065	
Қаржы міндеттемелері бойынша барлық ықтимал келешек төлемдер							
	6,934,547	939,887	10,355,192	32,126,538	430,004,115	480,360,279	

**«Даму» көсілкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпе**

31 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Теменде кестеде өтеу бойынша шарттық дисконтталмаған міндеттемелер негізінде өтеуге дейін қалған мерзімдер бөлігінде 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қордың қаржылық міндеттемелері ұсынылған:

(мын қазақстандық тәңгемен)	Талап етілгенге дейін немесе 1 айдан аз	1 және 3 ай аралығында			6 және 12 ай аралығында	1 жылдан астам	Барлығы
		1 және 3 ай аралығында	3 және 6 ай аралығында	6 және 12 ай аралығында			
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ							
Қарыз қаржаты	1,230,022	637,190	994,632	8,053,795	357,838,425	368,754,064	
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	3,177,338	-	-	-	-	-	3,177,338
Келешек кезеңдердегі табыстар және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	107,812	686,234	995,039	4,462,522	80,309,034	86,560,641	
Өзге қаржы міндеттемелері	832,614	-	-	-	-	-	832,614
Қаржы міндеттемелері бойынша барлық ықтимал келешек төлемдер							
	5,347,786	1,323,424	1,989,671	12,516,317	438,147459	459,324,657	

«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертте

31 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

Қор өтімділікті басқару үшін дисконттау есептелмеген өтеу мерзімі бойынша жоғарыда берілген міндеттемелер талдауын қолданбайды. Мұның орнына Қор күтілетін өтеу мерзімін және күтілетін өтімділік алшақтығын қадағалайды, бұл 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төмендеғі кестеде көрсетілген:

(мын қазақстандық тәңгемен)	Талап етілгенге дейін немесе 1 айдан аз	1 және 3 ай аралығында	3 және 6 ай аралығында	6 және 12 ай аралығында	1 жылдан астам	Барлығы
31 желтоқсан 2018 жыл						
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ						
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	37,953,674	-	-	-	-	37,953,674
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	-	339	1,464	1,502	2,119,877	2,123,182
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	4,685,288	1,076,537	8,754,097	23,194,128	191,848,532	229,558,582
Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек	29,337	-	-	-	-	29,337
Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер	228,127	34,865	51,856	95,550	195,910	606,308
Өзге жыныстық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	143,246	-	-	-	628,435	771,681
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	-	-	-	-	4,205,826	4,205,826
Жалпы негізде орындалатын айырбастау, есеп: - түсім	-	-	-	20,944,564	-	20,944,564
- жылпистау	-	-	-	(8,409,117)	-	(8,409,117)
Өзге қаржы активтері	874,328	-	-	-	-	874,328
Барлық қаржы активтері	43,914,000	1,111,741	8,807,417	35,826,627	198,998,580	288,658,365
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ						
Қарыз қаржаты	323,540	625,484	1,150,632	25,543,067	173,667,250	201,309,973
Шығарылған борыштық құнды қағаздар	-	-	-	-	16,057,484	16,057,484
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	4,974,063	-	-	-	-	4,974,063
Келешек кезеңдердегі табыстар және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	484,459	276,903	9,092,060	6,433,471	100,648,616	116,935,509
Өзге қаржы міндеттемелері	520,065	-	-	-	-	520,065
Қаржы міндеттемелері бойынша барлық ықтимал келешек төлемдер	6,302,127	902,387	10,242,692	31,976,538	290,373,350	339,797,094
Қаржы құралдары бойынша өтемділік алшақтығы	37,611,873	209,354	(1,435,275)	3,850,089	(91,374,770)	(51,138,729)

**«Даму» кәсіпкерлікіті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескерте**

31 Қаржы тәуекелдерін басқару (жалғасы)

2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша төмендегі кестеде көрсетілген күтілетін өтеге мерзімі және күтілетін өтімділік алшақтығы мынадай түрде берілуі мүмкін:

(мын қазақстандық тәңгемен)	Талап етілгенге дейін немесе 1 айдан аз	1 және 3 ай аралығында	3 және 6 ай аралығында	6 және 12 ай аралығында	1 жылдан астам	Барлығы
31 желтоқсан 2017 жыл						
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ						
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	44,074,930	-	-	-	-	44,074,930
Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын құнды қағаздар	-	-	-	727,421	1,931,902	2,659,323
Қаржы мекемелеріндегі қаражат	6,963,477	3,615,870	13,291,079	7,471,324	194,236,528	225,578,278
Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек	34,550	-	-	-	-	34,550
Клиенттерге берілген несиелер мен алғытөлемдер	595,241	263,103	513,871	810,735	1,141,589	3,324,539
Сатылым үшін қолда бар инвестициялық құнды қағаздар	-	-	-	-	567,017	567,017
Жалпы неғізде орындалатын айырбастау, есеп:						
- түсім	-	185,987	-	190,751	59,168,544	59,545,282
- жылыштау	(50,906)	(118,498)	(501,887)	(1,008,631)	(32,672,296)	(34,352,218)
Өзге қаржы активтері	62,637	-	-	-	-	62,637
Барлық қаржы активтері	51,679,929	3,946,462	13,303,063	8,191,600	224,373,284	301,494,338
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ						
Қарыз қаражаты	1,350,707	33,780	107,744	6,211,166	195,299,506	203,002,903
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер	3,177,338	-	-	-	-	3,177,338
Келешек кезеңдердегі табыстар және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв	107,812	686,234	995,039	4,462,522	80,309,034	86,560,641
Өзге қаржы міндеттемелері	832,614	-	-	-	-	832,614
Қаржы міндеттемелері бойынша барлық ықтимал келешек төлемдер	5,468,471	720,014	1,102,783	10,673,688	275,608,540	293,573,496
Қаржы құралдары бойынша өтемділік алшақтығы	46,211,458	3,226,448	12,200,280	(2,482,088)	(51,235,256)	7,920,842

32 Шартты және келісімді міндеттемелер

Сот талқылауы. Уақыт өте ағымдағы қызметті көрсету барысында сот органдарына Қорға қатысты шағымдар келіп түседі. Жеке бағалауға, сондай-ақ, ішкі көсібі кеңесшілердің ұсыныстарына негізделіп, Қор басшылығы олар бойынша талқылану Қорды айтартықтай шығындарға әкелмейді және сәйкесінше қаржылық есептілікте осы талқылану бойынша шығындарды жабуга жұмсалатын резервті құрмайды деп есептейді.

Салықтық заңнама. Қазақстан Республикасындағы салық шарттары әр түрлі қолданылып, түрлі түсіндірмелерге жол береді және өзгертулерге ұшыраған. Қазақстан заңы мен Қор ережелерінің және қазақстандық үекілтті органдардың түсіндірмесіндегі айырмашылық қосымша салықтарға, айыппұлдарға және есімпұлдарға әкелу мүмкін.

Қазақстан заңнамасы мен салықтық тәжірибе үздіксіз даму үстінде, сондықтан әр түрлі түсіндірулер мен кері өсер етуі мүмкін жеке өзгерістерге ұшыраған. Кейбір жағдайларда салық салынатын налық салынатын негізіді анықтау үшін салықтық заңнама ҚЕХС-ның ережелеріне сілтеме жасайды, бұл ретте қазақстандық салық органдарының ҚЕХС-ның тиісті ережелерін түсіндіруі осы жеке қаржы есептілігін дайындау кезінде баасшылық қолданатын есептік саясаттан, пікірден және бағалаудан өзгеше болуы мүмкін. Бұл Қорға қосымша салықтық міндеттемелерді әкелуі мүмкін. Салық органдары салық кезеңі аяқталғаннан кейін бес жыл ішінде ретроспективті тексеру жүргізе алады.

Қор басшылығы тиісті заңнаманы түсіндіру тиімді және Қордың салықтық жайғасымы негізделген деп санайды.

Операциялық жалдау бойынша міндеттеме. Қорда бірқатар ғимараттар мен автокөліктер операциялық жалдауда бар. Жалдау негізінен мерзімі аяқталған кезде жалдауды ұзарту мүмкіндігімен алғашқы мерзімде бір жылға рәсімделеді. Жалдау төлемдері әдетте нарықтық жалдау шарттарын көрсету үшін жыл сайын арттырылады. Жалдау шартты жалдауды қамтымайды.

Арнайы шарттарды ұстану. Қор негізінен АБР-дан алынатын қарыздармен байланысты белгілі қаржылық емес шарттарды ұстану керек. 2018 жылғы 31 желтоқсандағы және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қор барлық арнайы шарттарды ұстанды.

Несиелік сипаттағы міндеттемелер. Осы құралдардың негізгі мақсаты қажет болғанда клиенттерге қараждатты берілуін қамтамасыз ету болып табылады. Клиенттер үшінші тарағын алдында өз міндеттемелерін орындаған жағдайда төлемдерді жасау үшін, Қордың қайтарылмайтын міндеттемелерін беретін кепілдіктер де несиелерге үқсас несие төуекеліне ұшырайды. Несиелерді беру бойынша міндеттемелер сусда түрінде несиелерді беру үшін басшылық бекіткен соманың қолданылмаған бөлігін қамтиды. Несиелерді беру бойынша міндеттемелерге қатысты Қордың қолданылмаған сомаларды қолдану қажет болса, қолданылмаған қараждаттың жалпы сомасына тәң сомада шығындардың туындау төуекеліне ұшырауы мүмкін. Дегенмен, шығындардың ықтимал сомасы қолданылмаған міндеттемелердің жалпы сомасынан аз болады, себебі несиелерді беру бойынша міндеттемелердің көп бөлігі клиенттердің несие төлеу қабілеті бойынша анықталған талаптарды орындаудың тәуелді болады. Қор несиелік сипаттағы міндеттемелерді өтеуге дейін қалған мерзімді бақылайды, себебі көбірек үзақ мерзімді міндеттемелерде қысқа мерзімді жағдайларға қарағанда несиелік төуекелдің жоғарырақ деңгейі болады.

Қордың несие төуекелінің максималды деңгейі тенгерімдегі қаржы активтерінің тенгерімдік құнында көрсетіледі. Активтер мен міндеттемелерді өзара есепке алу мүмкіндігі ықтимал несие төуекелін төмендету үшін айтартықтай мәнге ие емес. Қор басшылығы несиелік қарызыды өтеу мерзімі бойынша бағалауды жүргізеді және мерзімі өтіп кеткен қарыздарды бақылап отырады. Басшылық 31-ескертпеде кредиторлық берешекті өтеу мерзімі бойынша талдауды және несие төуекелі туралы басқа ақпаратты көрсетуді жөн көреді.

Тенгерімнен тыс қаржы құралдарына арналған несие төуекелі басқа қатысуышылардың келісімшарт шарттарын орындауы нәтижесінде шығындарға ұшырау ықтималдығы ретінде анықталады. Қор шартты міндеттемелерге қатысты келісімдерді бекіту, төуекелді шектейтін шектеулерді қолдану және мониторинг процедураларына негізделген тенгерімдік қаржы құралдарына қатысты несиелік саясатпен бірдей саясатты қолданады.

Несиелік сипаттағы міндеттемелерге мыналар кіреді:

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпе**

32 Шартты және келісімді міндеттемелер (жалғасы)

(мың қазақстандық теңгемен)	Еск.	31 желтоқсан 2018 жыл	31 желтоқсан 2017 жыл
Қарыздарды қамсыздандыру бойынша берілген кепілдіктер		62,918,005	45,281,705
Берілген кепілдіктер		45,187,911	25,413,102
Пайдаланылмаған несие желілері		8,829,593	15,865,834
Несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резервті шегергенде	18	(1,594,480)	(1,104,245)
Резервті шегергендері несиелік сипаттағы барлық міндеттемелер		115,341,029	85,456,396

2015 жылды алғынған қарыз сомасында Еуропа қайта құру және даму банкінде (бұдан әрі – ЕҚҚДБ) «Банк ЦентрКредит» АҚ ашқан несие желісі бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ үшін кепілдікті шығарды. 2018 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Банк ЦентрКредит» АҚ 36,157 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ банкінен қарыз алды (2017 ж.: 20,470 миллион теңге). Қор басшылығы 2018 жылдың 31 желтоқсанында «Банк ЦентрКредит» АҚ-дан алғынған есептелген комиссиялық табыс сомасына негізделген бұл кепілдіктердің әділ құнын шығарылым күнгі жағдай бойынша бағалады, есептелген комиссиялық табыс сомасы 123,099 мың теңгени құрады (31 желтоқсан 2017 жыл: 179,161 мың теңге). 4-ші және 18-шы ескертпелерді қараңыз.

ЕҚҚДБ-де «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ ашқан несие желісі бойынша ЕҚҚДБ-де «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ үшін 2016 жылды Қор алғынған қарыз сомасына кепілдік шығарды. 2018 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «ForteBank» АҚ және «KMF» МҚҰ сәйкесінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ банкінен қарыз алды (31 желтоқсан 2017 жыл: сәйкесінше 19,243 миллион теңге және 3,776 миллион теңге). Қор басшылығы сәйкесінше 32,778 мың теңге және 12,772 мың теңге көлемінде «ForteBank» АҚ-нан және «KMF» МҚҰ-нан алғынған есептелген комиссиялық табыстар сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын бағалады (31 желтоқсан 2017 жыл: сәйкесінше 57,030 мың теңге және 25,669 мың теңге). 4-ші және 18-шы ескертпелерді қараңыз.

2017 жылды алғынған қарыз сомасында ЕҚҚДБ банкінде «Банк Kassa Nova» АҚ ашқан несие желісі бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ үшін кепілдікті шығарды. 2018 жылды 31 желтоқсандағы жағдай бойынша «Банк Kassa Nova» АҚ 3,742 миллион теңге сомасында ЕҚҚДБ банкінен қарыз алды (31 желтоқсан 2017 жыл: 1,793 миллион теңге). Қор басшылығы 7,052 мың теңге көлемінде «Банк Kassa Nova» АҚ-нан алғынған есептелген комиссиялық табыстар сомасына негізделген осы кепілдіктердің әділ құнын бағалады (31 желтоқсан 2017 жыл: 1,250 мың теңге). 4-ші және 18-шы ескертпелерді қараңыз.

Қор басшылығы осы кепілдіктердің құнсыздандыуына арналған 125,010 мың теңге (2017 ж. жок) көлеміндегі резервті ХҚЕС-9 стандартына сәйкес жасады.

Берілген кепілдіктер бойынша қалған арту шағын және орта кәсіпкерлікті кепілдендіру көлемінің жалпы артуымен байланысты.

Келісімшарт бойынша жалпы өтелмеген міндеттемелер міндетті түрде ақшалай қаражат кірісін бермейді, себебі көрсетілген міндеттемелердің көбі олардың жартылай немесе толық орындалуыныңız тоқтатылуы мүмкін.

Теменде несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв өзгерісін талдау берілген:

(мың қазақстандық теңгемен)	2018 ж.	2017 ж.
1 қантардағы теңгерімдік құны	(1,104,245)	(1,507,370)
ХҚЕС-9 стандартына көшү	(324,097)	-
1 қантардағы түзетілген теңгерімдік құн	(1,428,342)	-
Берілген қаржылық кепілдікті алғашқы мойындау	-	195,914
Пайда немесе шығын құрамында көрсетілген шығындар	(461,548)	(1,828,783)
Қолданылмаған резервтерді қалпына келтіру	217,606	2,035,994
Өзге	77,804	-
31 желтоқсандағы теңгерімдік құны	(1,594,480)	(1,104,245)

33 Түйнды қаржы құралдары

Валюталар бойынша бөлінетін есептік мерзімнің сонында Қор жасасқан мерзімдік валюталық мәміле мен «айырбас» келісімшарттары бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектің әділ құны төмендегі кестеде берілген. Кестеде сәйкес есептілік мерзімі аяқталғаннан кейінгі есептесу қуні көрсетілген келісімшарттар қамтылған; осы келісімдер бойынша сомалар әрбір контрагент бойынша позицияларды (және төлемдерді) өзара есепке алуға дейін ашық көрсетілген. Келісімдер қысқа мерзімді сипатқа ие.

	Еск. (мын қазақстандық теңгемен)	2018 ж.		2017 ж.	
		Оң әділ құны бар келісімшартта	Теріс әділ құны бар келісімшартта	Оң әділ құны бар келісімшартта	Теріс әділ құны бар келісімшартта
Валюталық «айырбас» келісімшарттары:					
есеп мерзімінің сонындағы әділ құны	23				
- Есептесу кезінде (+) төленетін АҚШ долларындағы дебиторлық берешек		20,944,564		59,545,282	-
- Есептесу кезінде (-) Қазақстандық теңгемен төленетін кредиторлық берешек		(8,409,117)		(34,352,218)	-
Валюталық келісімшарттық айырбастың таза әділ құны	14	12,535,447		25,193,064	-

Қор операцияларды орындайтын валюталық түйнды қаржылық құралдар әдетте стандартталған келісімшарттар негізінде көсіби қатысуышлармен биржадан тыс нарықтағы сауда құралы болып табылады. Түйнды қаржылық құралдарда ықтимал пайдалы шарттар (және активтер болып табылады), нарықтағы пайыздық мәлшерлемелердің, валюта айырбастау курсарының немесе осы құралдармен байланысты басқа ауыспалы факторлардың ауытқулары нәтижесінде ықтимал пайдалы емес шарттар (және міндеттемелер болып табылады) болады. Түйнды қаржылық құралдардың жалпы әділ құны үақыт өтө айтарлықтай өзгеруі мүмкін.

34 Әділ құн туралы ақпаратты ашу

Әділ құнды бағалау нәтижелеріне талдау жасалады және олар келесі түрде әділ құн иерархиясының деңгейі бойынша жіктеледі: (i) 1-денгейге бірдей активтер немесе міндеттемелер үшін активті нарықтарда баға кесілген (түзетілмейтін) бағалар бойынша бағалаулар қатысты, (ii) 2-денгейге - тікелей немесе жанама түрде активтер немесе міндеттемелер үшін бақыланатын болып табылатын маңызды бастапқы деректердің барлығы қолданылатын бағалау әдістері көмегімен алынатын бағалаулар (яғни., мысалы, бағалар) қатысты және (iii) 3-денгей бағалауларына бақыланатын нарық деректеріне негізделмейтін бағалаулар болып табылмайтындар жатады (яғни, бақыланбайтын бастапқы деректерге негізделген). Қаржы құралдарын әділ құн иерархиясы санаты бойынша үлестіру үшін басшылық көсіби пайымдауларды қолданады. Егер әділ құнды бағалау үшін аздаған түзетулерді талап ететін, бақыланатын бастапқы деректер қолданылатын болса, бұл 3-денгейге қатысты болады. Қолданылатын бастапқы деректер маңыздылығы барлық жиынтық үшін әділ құнды бағалау ретінде бағаланады.

34 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

(а) Әділ құнды бірнеше рет бағалау

Әділ құнды бірнеше рет бағалау әрбір есептілік мерзімінің сонындағы қаржылық жағдай туралы есепте басқа ҚЕХС рұқсат ететін немесе талап етілетін бағалауларды береді. Төмендегі кестеде әділ құнды бірнеше рет бағалауға қатысты әділ құнның иерархиясындағы деңгейлер берілген:

(мын қазақстандық теңгемен)	2018 ж.		2017 ж.	
	1-денгей	2-денгей	1-денгей	2-денгей
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ				
<i>Пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық құнды қағаздар</i>				
- Корпоративтік облигациялар	-	948,880	-	1,179,806
- Қазақстандық мемлекеттік облигациялар	-	1,174,302	-	1,479,517
<i>Өзге жыныстық табыс арқылы әділ құны бойынша бағаланатын инвестициялық борыштық құнды қағаздар</i>				
- Корпоративтік облигациялар	-	771,681	-	567,017
Өзге қаржы активтері				
Түйнды қаржы құралдары	-	12,535,447	-	25,193,064
ӘДІЛ ҚҰНЫ БОЙЫНША БІРНЕШЕ РЕТ БАҒАЛАНАТАНЫН БАРЛЫҚ АКТИВТЕР	-	15,430,310	-	28,419,404

Инвестициялық құнды қағаздардың әділ құны «Қазақстан қор биржасы» АҚ мөлшерлемесімен бағаланды. Аналогтық құралдарға қатысты сауда көлемінің аз болуына байланысты, көрсетілген инвестициялық құнды қағаздар 2-денгейде анықталды.

Активті нарықта айналдырылмайтын валюталық айырбастың әділ құнын анықтау үшін, Қор дисконтталған ақша ағымдары әдісі сияқты бағалау әдістерін қолданады. Дегенмен ҚЕХС стандарттарын сай туындау мезетіндегі құралдың әділ құны әдетте келісім құнына тең болады. Егер келісім құны бағалау әдісін қолданатын қаржы құралдары туындаған кезде анықталатын болса, көрсетілген айырмашылық валюталық айырбастың қызмет көрсету мерзімінде тең амортизацияланады. Қаржылық түйнды құралдар бойынша шығындарды шегергенде табыс ретінде пайда немесе шығын құрамында көрсетілетін айырмашылық 33-ескертпеде берілген.

**«Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпе**

34 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

(б) Әділ құны бойынша бағаланбайтын, әділ құны ашылатын активтер мен міндеттемелер

(мын қазақстандық тенгеңмен)	31 желтоқсан 2018 жыл			Төңгерімдік құны
	1-денгей	2-денгей	3-денгей	
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ				
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары	16,733,828	21,219,846	-	37,953,674
Қаржы мекемелеріндегі қаражат				
- Қаржы мекемелері берген несиелер	-	-	191,512,905	217,813,677
- Бастапқы өтөу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	-	11,744,904	-	11,744,904
Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек				
- Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек	-	-	29,337	29,337
Клиенттерге берілген несиелер мен алғытелеемдер				
- Шағын және орташа бизнес кәсіпорындарына берілген несиелер	-	-	596,847	596,847
- Шағын несиелік ұйымдарға берілген несиелер	-	-	1,414	1,414
- Өзге несиелер	-	-	8,047	8,047
Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын инвестициялық құнды қағаздар	-	-	4,205,826	4,205,826
Өзге қаржы активтері				
- Өзге	-	-	874,328	874,328
АМОРТИЗАЦИЯЛАНГАН ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТИЛГЕН БАРЛЫҚ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ				
	16,733,828	32,964,750	197,228,704	273,228,054
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ				
Қарыз қаражаты				
- Азия даму банкі	-	-	54,749,045	55,532,019
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ			57,574,537	76,392,378
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	-	-	16,832,020	19,416,325
- Муниципалдық органдар	-	-	47,107,054	49,532,869
- Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі	-	-	436,382	436,382
Шығарылған борыштық құнды қағаздар	-	-	16,057,484	16,057,484
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер				
- Муниципалдық органдар	-	-	2,132,538	2,132,538
- Банктер	-	-	2,841,525	2,841,525
Келешек кезеңдердегі табыстар және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв				
- Келешек кезең табыстары	-	-	5,319,861	5,319,861
- Қаржылық кепілдіктер	-	-	1,594,480	1,594,480
Өзге қаржы міндеттемелері				
- Өзге	-	-	520,065	520,065
АМОРТИЗАЦИЯЛАНГАН ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТИЛГЕН БАРЛЫҚ ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ				
	-	-	205,164,991	229,775,926

34 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары. ҚР ҰБ-ғы етеу мерзімі үш айдан кем ақшалай қаражаттар 1-денгейге, ал басқа да қалған ақшалай қаражаттар 2-денгейге жатқызылған Осы қаражаттардың әділ құны теңгерімдік құнға тең.

Клиенттерге, қаржы мекемелеріне берілген несиeler мен алғытөлемдер және қарыз қаражаттар. Әділ құн иерархиясындағы 3-денгейдегі әділ құны бағалау дисконтталған ақша ағыны моделінің көмегімен орындалған. Белсенді нарықта бағасы белгіленбейген, пайыздық мөлшерлемесі бекітілген құралдардың әділ құны осы сияқты несиелік тәуекелді және осыған ұқсас етеу мерзімін болжайтын жаңа құралдарға арналған алыс-беріс нарығындағы қолданыстағы пайыздық мөлшерлемелерді қолдана отырып дисконтталған келешектегі есептік ақша ағынының негізінде бағаланған.

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын инвестициялық құнды қағаздар. Бұл қағаздарды Қор жылдың соңында иемденген және әділ құны бойынша көрсеткен. Осы қаражаттардың әділ құны теңгерімдік құнға тең.

Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер және келешектегі кезеңдердің табыстары және етеу мерзімі бір жылдан кем несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв 3-денгейге жатқызылған. Осы қаражаттардың әділ құны теңгерімдік құнға тең.

**«Даму» көсілкөрлікті дамыту қоры» АҚ
Қаржылық есептілікке ескертпе**

34 Әділ құн туралы ақпаратты ашу (жалғасы)

(мың қазақстандық теңгемен)	31 желтоқсан 2017 жыл		
	1-денгей	2-денгей	Тенгерімдік құны
ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ			
Ақшалай қаражаттар және олардың баламалары			
- Банктердегі ағымдағы шоттар	25,382,470	-	25,382,470
- ҚРҰБ шотындағы қалдықтар (міндетті резервтерден басқа)	18,692,460	-	18,692,460
- Қолма-қол қаражат	-	-	-
Қаржы мекемелеріндегі қаражат			
- Қаржы мекемелері берген несиeler	-	196,949,941	216,059,786
- Бастапқы өтеу мерзімі үш айдан асатын банктердегі депозиттер	9,518,492	-	9,518,492-
Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек			
- Субсидиялау бағдарламасы бойынша дебиторлық берешек	-	34,550	34,550
Клиенттерге берілген несиeler мен алғытөлемдер			
- Шагын және орташа бизнес көсіпорындарына берілген несиeler	-	3,295,094	3,295,094
- Шагын несиелік ұлттық берілген несиeler	-	18,366	18,366
- Қаржы лизингіне таза инвестиция	-	1,708	1,708
- Өзге несиeler	-	9,370	9,370
Өзге қаржы актиевтері			
- Өзге	-	62,637	62,637
АМОРТИЗАЦИЯЛАНГАН ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛГЕН БАРЛЫҚ ҚАРЖЫ АКТИВТЕРИ			
	53,593,428	200,371,666	273,074,933
ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ			
Қарыз қаражаты			
- Азия даму банкі	-	72,472,682	72,472,682
- «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ	-	49,130,003	71,948,648
- «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ	-	25,449,768	32,754,338
- Муниципалдық органдар	-	32,604,300	25,449,768
- Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігі	-	377,466	377,467
- «Бәйтерек Девелопмент» АҚ	-	150,038	150,038
Субсидиялау бағдарламалары бойынша міндеттемелер			
- Муниципалдық органдар	-	1,758,695	1,758,695
- Банктер	-	1,418,643	1,418,643
Келешек кезеңдердегі табыстар және несиелік сипаттағы міндеттемелер бойынша резерв			
- Келешек кезең табыстары	-	4,159,286	4,159,286
- Қаржылық кепілдіктер	-	1,104,245	1,104,245
Өзге қаржы міндеттемелері			
- Өзге	-	832,615	832,615
АМОРТИЗАЦИЯЛАНГАН ҚҰНЫ БОЙЫНША КӨРСЕТІЛГЕН БАРЛЫҚ ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРИ			
	-	189,457,741	212,426,425

35 Бағалау санаттары бойынша қаржы құралдарын беру

